



Индекс 75579

Ала шубар сәуір



Жас өркен Қостанай

e-mail:mediacentr_kgu@mail.ru

Наурыз нақыштары

2
2015

Аманжол Күзембайұлы

Тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР тарихшылар және қоғамтанушылар академиясының, ҚР Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, Қостанай аумақтық тарихы кафедрасының профессоры, Қостанай аумақтық тарихи зерттеулер институтының директоры, Қазақ ССР оқу ағарту ісінің озаты, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер Аманжол Күзембайұлы қазақ тарихы ғылымының белді де, беделді өкілдерінің бірі.

Ол 1945 жылы 24 наурызда Қостанай облысы, Меңдіғара ауданындағы «қазақтық Швейцариясы» атанған Тобыл өзені бойындағы орманды-тоғайлы өлкедегі байырғы қазақ ауылдарының бірі Ұзынағашта өмірге келген. Ауылдағы жетіжылдық мектепті бітірген соң, 1960 жылы Қостанай қаласындағы іргесін Ыбырай Алтынсарин қалаған мектеп-интернатқа қабылданады. Аманжол Күзембаевтың



тарихқа деген қызығушылығы мектеп қабырғасында жүргенде басталады. Ал университетке түскеннен кейін ол тарих мәселесіне біржола ынтықта қойды. Әлем тарихының қыр-сырына қанық атақты ғалым, антрополог Оразақ Смағұлұлының, өзінің нағашысы, белгілі тарихшы ғалым Манаш Қозыбаевтың жол сілтеуі жас талапты қанаттандыра түседі. Аманжол Күзембайұлы университетті бітірген соң, өткен ғасырдың 70-ші жылдары мен еліміз тәуелсіздігін алған 90-шы жылдар арасында тарих ғылымына өнімді еңбек етті. Ғылыми еңбектерін қорғады, шәкірттер тәрбиеледі. Ең бастысы Аманжол Күзембайұлы еліміздің, халқымыздың тарихын жаңа көзқараспен талдап, «Казахстан в дрезности» атты оқулық жазды. Бұл жас ұрпаққа тарих пәнін жаңаша оқытуда маңызды оқу құралына айналды.

Жетпіс жасқа толып отырған Аманжол ағамыз тарихымызды, тарихы әдістемесін жазуда шаршамай еңбектеніп, шәкірттерін білім нәріне сусындата береді.

Аманжол Күзембайұлымен сұхбатты журналдың 14-15 бетерінен оқисыздар.

Памфлет

Айтаққа неге ереміз?..
«Шымкенттіктерді Қостанайға әкеп төгеді екен... Олар келсе біздің байлығымызды тартып алады...» – қаланың қазақтарының гу – гу әңгімесі.

Аспанды тіреп төбеміз,
Тұрғандай – ақ, шетімізден тереміз.
Жамандықты біткен пендеге,
Тек Шымкенттен көреміз.
Қызылорда, Тараз, Алматы,
Олардың өзге бар ма аты? –
– Дөп еш таңданбаңыз,
Шымкент екен зәу – заты.
Қазақты солар ғана күндейді екен,
Орыссындар – деп бұларды тілдейді екен.
Өзбекше сөйлеп өздері,
Пловтан басқаны білмейді екен.
Насыбайдың өзін
Шымкенттіктер ғана атады екен.
Қостанайлықтар
Иіскеп қана жатады екен.
Әйел теңдігі жоқ ол жақта,
Қыздарын да сатады екен.
Атасы жуғызып аяғын
Келініне,
Күнәға батады екен.
Қысқасы артта қалған сол елде,
Жақсы емес екен бір пенде.
Көшіп кеп олар байлыққа,
Ие болады екен бірдемде...

Осылайша
Қазақты қазақ бөлеміз.
Әй түбі осымыздан,
Атымыз өшіп өлеміз...
Ойлансаңшы тереңнен,
Өзімізді өзіміз,
Неге жат көреміз?..
Ұлы Абайдың: –
– «Біріңді қазақ, бірің дос,
Көрмесең істің бәрі бос»
– Деген сөзін еске алмай,
Айтаққа бекер ереміз.

Басекеңнің айлығы Сықақ

**«Қанағатсыздықтан сақтан, өйткені ол кедейліктің нақ өзі»
Мұхаммед пайғамбардың хадистерінен.**

Болғаннан соң өзі сондай бір «есті»
Басекеңнің өз жалақысы өсті.
Бірақ, оған көңілі көншімей,
Сіңірі шыққан кедей күйін кешті.

Өйткені, айына бір рет алады,
Ту, он мың доллар оған не болады?!
Он мың теңге айлық алатындарға,
Қалай жеткізеді? – деп таң қалады.

Сіре, олардың бар болған ғой «қоры»,
Ал бастық емес қой адамның қоры.
Өмір бойы «жоқшылықтан» осылай,
Қайнап жүре бермек пе екен «соры»?..

Деді де, күніне мыңнан табатын,



Айына 365 мың доллар алатын.
Оған қоса 2 мың доллар сыйақыны,
Тағыда болды қармап қалатын.

Мұнысы бірақ, көзге ілініп қатты,
Жалмағаны тамағынан өтпей қапты,
Сосын жалақысының өсуі тоқтап,
Әйтеуір миллионға жетпей қапты.

Сөйтіп ол, атың, әлемге әйгілі етті,
Дәлелдеді бастық екенін «епті».
Бірақ «жарымаған аянышты халі»,
Қайран қалдырды естіген көпті.

Басекеңнің болған «шайлығы»
Қайран халық байлығы...

Ауыз - жауыз Сықақ

Оспанханның «Сүзеген сөзі»
Дәл тиетін жебенің өзі.
Жегіш ауыз
Оның арғы атасы-жауыз
– Дегені айналып шындыққа,
Саналар құл болған құлқынға,
Тап болдық сұмдыққа.
Қайда барсаң тойымсыз құлқын,
Көрмейсің
Басшылардың адамдық құлқын.
Құрықтау жоқ - деп нарыққа,
Өз нанын өздеріне
Қымбат қып,
Сатып жүр халыққа.
Сонда да құлқындар тоятын емес,
Барлық нәрсенің бағасын
Қоса-қабат өсіруді қоятын емес.
Бұрынғы бұрынғы ма?
Зар боп қалдық бұрынғыға.
Нанның құны тіпті у боп кетті,
Теңгеміз түкке арзымай,
Құнсызданып су болып кетті.

Қарап тұрсақ
Құлқынға бәрің,
Құлатып жатқан да ауыз.
Кедейлерді аямай,
Қымбаттатып бәрін
Жылатып жатқан да ауыз.
Бүйте берсе асағыш ауыз,
Өзінің жетіп түбіне,
Боп шығады –ау жауыз?..

Күләш КЕРІМБЕКҚЫЗЫ,
Қостанай қаласы

РЕДАКЦИЯНЫҢ
МЕКЕНЖАЙЫ:
11000, Қостанай қаласы,
А.Байтұрсынов көшесі,
47-үй, 220 бөлме.
Медиа – студия.
«Жас өркен - Қостанай»
журналының редакциясы.
Байланыс телефондары:
қалааралық
8-7142-51-11-67,
Факс 51-11-95
Ұялы 8(701) 1509443

Редакция оқырман
хаттарына жауап бермейді,
кері қайтармайды.
Журналдың қажетті
сандарын редакциядан сатып
алуға болады.
Бағасы келісімді.
«Жас өркен-Қостанай»
журналына демеушілік
көрсетем деушілерге мына
есеп-шотымызды ұсынамыз:
РМҚК «А.Байтұрсынов
атындағы Қостанай
мемлекеттік университет»
ИИК KZ83856000000079688
РНН 391700052352,
БИН 990240005319
БИК KСJBKZKX
РНН банка 391700078345
БИН банка:980841000472
Кбе 16

Журнал редакцияның
компьютерлік орталығында
теріліп, беттеліп
«Қостанайполиграфия» ЖШС
баспаханасында басылды.
110007, Қостанай қаласы,
С.Мәуленов көшесі, 16.
Басуға 07.04.15 ж.
қол қойылды.
Көлемі 32 бет,
Офсеттік басылым.
Тапсырыс № 1452
Таралымы 1200 дана.

Баспахана түпнұсқасы нашар
суреттердің сапасына жауап
бермейді.

Шығыс күнтізбесі бойынша жыл басы Наурыздан басталады. Астрологиялық деректер биылғы қой жылы тыныш әрі бейбітшілікте өтеді дейді. Екінші жартыжылдық жағымды өзгерістер мен сәтті шешімдерге толы болады.

ТОҚТЫ Сіз үшін өткен жылға есеп беріп, болашаққа жаңа жоспар құратын уақыт келді. Бала-шағасы бар ата-аналар үшін бұл жыл ерекше түсініктің жылы болмақ. Егер жаныңызды жеңілдей жейтін мәселелер пайда бола бастаса, оны тез арада шешуге тырысыңыз. Мазасыз тіршіліктен бас тартыңыз да, өзіңізге көңіл бөліңіз. Ал тұрмыс құрмаған жастар шаруаның астында жүріп ата-анаңызға қамқорлық жасауды ұмытпаңыз. Олардың бар берген тәрбиесі мен білімін есіңізге түсіріп, өмірде қолданыңыз.

ТОРПАҚ Жоқтық ұят емес, байлық мұрат емес деп бабаларымыз айтқандай өзіңізді, өмірдегі орныңызды, сүйген жарыңызды, мақсатыңызды іздеуді жалғастырыңыз. Айналаңыздағылардың сенімсіздіктеріне, мағынасыз әңгімелеріне назар аудармаңыз. Қайнап жатқан қазанның бетін жауып, мақсатқа жеткізер тура жолды таңдайтын уақыт жетті. Сәттілік сіздің жағыңызда. Қысқасы, осы жылы асқан белсенділік танытыңыз.

ЕГІЗДЕР Жаңа жылдағы өзгерістер қаңтар айынан-ақ басталады. Бойыңызда бұрын-соңды болмаған күш пайда болып, белсенділігің артады. Осы талпынысыңыз арқылы біршама жетістіктерге жетесіз. Адамдарға деген қарым-қатынасыңызға көңіл бөліңіз. Ойыңызда қосымша білім алу жоспары жүрген болса, уақыт созбастан, дәл осы жылы құжаттарыңызды тапсырыңыз, арты сәттіліктерге толы болмақ.

ШАЯН 2015 жыл сіз үшін сәтті өтпек. Әлемде, елде болып жатқан жаңалықтардан қапы қалмай, өз пайдаңызға қолданаңыз. Өйткені сіздің шығармашылық белсенділігіңіз күннен күнге артып келеді. Қой жылында алға қойған мақсаттарыңыздың көпшілігі орындалады. Сізді бизнес жолында көптеген табыстар күтіп тұр. Сондықтан өмірлік жоспарларыңызды тағы бір айқындап алыңыз. Үйіңізге және отбасыңызға көбірек уақыт бөліңіз.

АРЫСТАН Өз өміріңізді қалай көргіңіз келсе, оны жүзеге асыруға мол мүмкіндік бар. Сіз үшін қой жылында бизнес саласында оңтайлы жауаптар табылып, сәттілік серік болғалы тұр. Көктем - таңғажайып романтикаға толы кездесулер мезгілі. Қой жылы сіз үшін сезімге ерік беретін жыл болмақ. Егер әлі отбасын құрмасаңыз, іске кірісіңіз. Сәтті кездесулер үйлену тойына дейін апарды деген болжам бар. Жігіт адамға жетпіс өнер де аз. Сондықтан көктемде, әсіресе сәуір айында жұмысыңызға ерекше көңіл бөлесіз.

БИКЕШ Қой жылы сіз үшін ең сәтті жыл болғалы тұр. «Қыз еркем кестесімен көркем, ұл еркем өнерімен көркем». Қайсар жан екеніңізді естен шығармаңыз. Кез келген маңызды және қиын жұмысты еш қорықпастан бастап кете аласыз. Сіз үшін, әсіресе, жылдың екінші жартысы табысты болмақ. Алғашқы жарты жылдықта көп уақытыңызды отбасыңызға бөліңіз. Сонымен қатар қой жылында оқуға, саяхат жасап, демалуға көптеген мүмкіндіктер туады.

ТАРАЗЫ Осы жылы көптеген мәселенің түйінін оңтайлы шешесіз. Қой жылында жұмыста да, үйде де көптің назарында боласыз. Қазақ халқымызға дарыған қасиет қонақжайлығыңызды көрсетіңіз. Әріптестеріңізді, туыстарыңызды, жора-жолдастарыңызды ренжітіп алмауға тырысыңыз, арты жақсылыққа апармайды. Бұл жыл сізден еңбекқорлықты, төзімділік пен сабырлықты күтеді.

САРЫШАЯН Бұл жылы бірінші кезекке отбасы мен үй шаруасын қойған дұрыс болады. Белсенділігіңізді қоғамда емес, шаңырағыңызда көрсетіңіз. Айналайтын анаң қымбат, асқар тауың өкең қымбат деп бекер айтылмаған. Жылдың ортасы мен соңында жан дүниеніңде көптеген өзгерістер болуы мүмкін. Бірден жоғарыға ұмтылудың қажеті жоқ, алдымен өзіңізге не керек екендігін анықтап алыңыз. Жаңа үй тұрғызуға не ескі үйіңізде жөндеу жұмыстарын жасауға кіріссеңіз жөн болар еді.

МЕРГЕН Осы жыл сіз үшін ең бақытты жыл болғалы тұр. Бірінші байлық — денсаулық, екінші байлық — ақ жаулық, үшінші байлық — он саулық. Тек ретімен шатастырып алмаңыз. Сонда бәрі де дұрыс болады. Оптимизмнен қашпай, тек позитивті күн кешуге тырысыңыз. Жаныңыздағыларды таңдандырып, тек күліп жүріңіз. Жоқ, жалғандықтың еш көрегі жоқ. Бәрінің тек шынайы болғаны дұрыс.

ТАУЕШКІ Жүрген ортаңызда мерейіңіз үстем болып, дәрежеңіз арта түседі, биыл. Ең бастысы — басқаны тыңдаудан бас тартпаңыз. Дәрежеңіздің көтерілуі соған байланысты. Мынау есіңізде болсын: Қой жылында қиылған некенің ғұмыры ұзақ та, баянды болмақ. Сондықтан бойдақ жандар ойланғаны абзал. Қандай қиындық болмасын сіз жеңе аласыз, соны ұмытпаңыз! Жылдың алғашқы жартысы тынымсыз болғанымен екінші жарты жылдықта байсалды өмір кешесіз. Жаныңыз қалаған іспен шұғылданыңыз.

СУҚҰЙҒЫШ Арманға жету үшін жеңіл жолды таңдау оңай болғанымен одан түк шықпайтынын түсініңіз. Бұл жыл сізден төзім мен ақылды қажет етеді. Дәнді шашпа, нанды баспа деген сөздің жаны бар. Жыл бойы сіңірген еңбегіңіздің жемісін қараша айында көретін боласыз. Тәуекелге бел буып үйреніңіз! Күштілер мен тәуекелшілдерді таңғажайып сыйлықтар күтіп тұр. Бастысы - өзіңізге нақты нәтиже керек екендігін білу.

БАЛЫҚТАР Сіз осы уақытқа дейін жақындарыңызға үнемі қамқор болып келдіңіз, енді өзіңізді ойлайтын кез келді. Жаңа жылда көптеген саяхаттар күтіп тұр. Ой-өрісіңіз, біліміңізді кеңейте түссіз, жұмысқа керек тәжірибе жинақтаудың жаңа мүмкіндіктері туады. Білгеніңізді басқамен бөлісуде тартынбаңыз, ұжымға бірігіп істеген жұмысыңыз жемісті болады. Әсіресе мамыр айында менмендік қасиетті тізгіндеп ұстауға тура келеді, бұл қасиет жақсылыққа апармайтынын түсініңіз.



Жас өркен Қостанай

№ 2(75) наурыз-сәуір, 2015 жыл

МЕНШІК ИЕСІ:
Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Кенжеғали САҒАДИЕВ (төраға)
Төлен ӘБДІКОВ
Хұсайын УӘЛИЕВ

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Асқар НӘМЕТОВ (төраға)

Амангелді ШӨРЕНТАЕВ
Медиа-студия менгерушісі

Нәзира ЖӘРІМБЕТОВА
шығарушы редактор

Роза КӨБЖАНОВА
менеджер-дизайнер

Гүлнұр КӘКІМБЕК
бас маман

Журнал ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2002 жылы 18 қарашада тіркеліп, 3386-Ж куәлігі берілген. Екі айда бір шығады. Редакцияға келіп түскен хаттар әдеби өңделеді, қысқартылады, ойы сақталып түзетіледі. Көлемі үш компьютерлік беттен асқан материалдар қабылданбайды.

НАУРЫЗ

Жіпсіп барып жер-ана иігенде,
Дүбірлі той келеді дүйім елге.
Қуанышқа қарық боп қайран қазақ
Берекеге батады үйі демде.

Шапағын шартарапқа шашып ақ таң,
Наурыз айы келгенде асып ақпан.
Балалар көше сәнін кіргізеді,
Көйлекшең көлшік басып асық атқан.

Ұлыс күні ұл алып оң батаны,
Табиғат тамашаға толғатады.
Нақышымен нұр Наурыз әр ауылға
Отырарды әкеліп орнатады.

Күймен қазақ даланы сөйлеткенде,
Іңкәр сезім іңгөлап той-көктемде.
Бозбала «селт еткізер» сыйлайды екен,
«Ұйқы ашарын» ұсынған бойжеткенге.

Байқалып бүлдіршіннің бал өнері,
Наурыздың жалғасады кәделері.
Таңертең жиылысып бүкіл ауыл,
Бұлақтың бастауына тал егеді.

Қыстан аман шықты деп мал ырызғы,
Сый-сияпат жасасып ауыл ізгі
Кеудесіне әр қазақ қондырады
Көктемнің көгершіні – Науырызды.

Нұрқанат ҚҰЛАБАЕВ





Елдің берік болашағы үшін

Ақпан айының ортасында Қазақстан Халқы ассамблеясы тарапынан Қазақстанда кезектен тыс президент сайлауын өткізу жөнінде ұсыныс жасағалған болатын. Ұсыныс елімізде қызу талқыланып, қызу қоғамдық қолдауға ие болды.

Мұнан кейін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына үндеу жасап, онда Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы өтетіндігін хабарлады. Елбасы Үндеуінде Қазақстан халқы ассамблеясының кезектен тыс президент сайлауын өткізу жөніндегі ұсынысы еліміздің Конституциясына сай келетінін айтты. Сонымен қатар, Елбасы сайлау жауапкершілігіне үлкен маңыз берді. «Қайта қаһарына мінген дағдарыс кезінде бірлік бізге бәрінен құнды. Мемлекеттің тыныштығы мен елдің бірлігін сақтай отырып дамыту президенттен бастап, елі қостаған кезде ғана баянды болмақ. Жауапкершілік бүкіл халыққа жүктелетіні де сондықтан. Алдағы биік белестер мен асқақ асулар үшін біз барлық кедергілерді бағындырып, алға басуға тиістіміз» деді Нұрсұлтан Назарбаев халыққа үндеуінде. Ол сайлаудың елімізді ұлы істерге ұйыстыратынны айта отырып, қазақстандықтарды оған белсене қатысуға шақырды және оны 26 сәуірге белгіледі.

Елімізде Президент сайлауы мұнан бұрын да бірнеше рет өтті. Біздің елімізде сайлау заңнамасы үнемі жетілдіріліп отырады. «Өткен сайлауларда жинақталған тәжірибелер, халықаралық ұйымдардың, ең алдымен ЕҚЫҰ-ның Демократиялық институттар және адам құқығы жөніндегі бюросының ұсыныстары ескеріледі. Біздің заңнамалық сайлаудың мерзімділігін, халықтың түрлі әлеуметтік сала өкілдерінің билік органдарына уәкілдігін, сайлау органдары қызметінің ашықтығы мен шынайылығын қамтамасыз етеді» деді журналистерге берген сұхбатында Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Т.Охлопкова. Сондықтан Президент сайлауында өзінің кандидатурасын ұсынғысы келгендерге ешқандай шектеу, кедергі болған жоқ. Қазақстан Республикасы президенттігіне 27 адам үміткер болғысы келді. Наурыз айында «Нұр Отан» партиясының ХҮІ съезі өтіп, онда жиналған 2000 делегат Президент сайлауына үміткер ретінде түсуге Нұрсұлтан Назарбаевтың кандидатурасын ұсынды. Нұрсұлтан Әбішұлы сайлауға үміткер ретінде түсуге келісімін берді. Жалпы алғанда, лингвистикалық комиссиясының өте алмағандары, өзінің кандидатурасын кері қайтарып алғаны, түрлі, нақты себептерге байланысты тіркелмегендері бар, барлығы іріктеле келе үш адам Қазақстан Республикасы президенттігіне кандидат болып тіркелді. Олар – Нұрсұлтан Назарбаев, Қазақстан коммунистік халық партиясынан ұсынылған Тұрғын Сыздықов және өзін ұсынған Әбілғазы Құсайынов.

Кезектен тыс президент сайлауы елімізге не үшін

керек? Оны «Нұр Отан» партиясы ХҮІ съезінде белгілі академик Кенжеғали Сағадиев Нұрсұлтан Назарбаевты президенттікке үміткер ретінде ұсынуға бастама көтеріп тұрып, сөйлеген сөзінде жақсы түйіндеді. «Әлемде бүгін тыныштық жоқ. Дүрбелең көбейді. Татулығы бұзылып, бір-бірімен мәмілеге келе алмай, қылыштары жалақтап, санкциялық соғыс майданын ашқан елдердің салқын ызғары біздерге келмейді емес, келеді. Осының бәрі де Қазақстан үшін қауіпті. Оны баршамыз сезіп отырмыз. Бұдан да қаттырақ сезуіміз мүмкін. Осындай күрделі кезеңдерде бабаларымыз құрылтай шақырған екен. Бүгінгі құрылтайымызда да алдағы қиындықтарды



болдырмау жолдары сөз болмақ. Бізге керек ұтымды саясат, тиімді экономика, қауіпсіздік, тұрақты даму – осы құрылтайдағы әңгіменің арқауы. Сонымен қатар, осы өзекті мәселелерді шешудің дұрыс жолын тауып, ел тізгінін берік ұстап отыра алатын азаматымызды қазір сайлап алуымыздың маңызы зор» деген еді Кенжеғали Сағадиев. «Нұр Отан» партиясының ХҮІ съезі президент сайлауына үміткер ретінде түсуге Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың кандидатурасын ұсынып, шешім қабылдаған күні барлық еліміздегі секілді Қостанай жастары да флэш-моб өткізді.

Наурыз айының 26-нан бастап президенттікке кандидаттардың үгіт жұмысы басталып кетті. Қазір Қазақстан президенттігіне кандидат Нұрсұлтан Назарбаевтың республикалық қоғамдық штабы, Қазақстан коммунистік халық партиясынан түсіп жатқан Тұрғын Сыздықовтың қоғамдық штабы және перзиденттікке кандидат Әбілғазы Құсайыновтың қоғамдық штабы үгіт жұмыстарын бастап кетті. Үш кандидат та қазір республика облыстарын аралап, еңбек ұжымдарымен, жұртшылық өкілдерімен кездесу өткізуде.

Сәуір айының 26-күні елімізде ірі саяси оқиға – Қазақстан Республикасының президент сайлауы өтеді. Қазақстанның болашағына жауапкершілікпен қарайтын әр қазақстандық сол күні өзінің таңдауын жасайды.

Роза ХАЙДАРҚЫЗЫ

БІЛГЕННІҢ ЗИЯНЫ ЖОҚ

Әдетте, көпшілік пікірі денсаулығы мықты болуы үшін ұзақ уақыт, көп күш қажет дегенге саяды. Алайда, бір ғана минутты қажет ететін әдеттер арқылы денсаулыққа оң әсер беруге болады екен. Мәселен, бір минут секіргішпен секіру жүрек жұмысын жақсартады, ал әр күн сайын 5 адамға алыс айтатын болсаңыз, әлемге күліп қарауды үйренесіз. Жақсы әдет туралы біле жүріңіз.

Суды лимонадқа айналдыру

Егер қарапайым ауыз су дәмсіз көрінсе, оның жаңа бояу мен жаңа дәмге ие болуына мүмкіндік беріңіз: стақанға немесе кесеге бірнеше түйір лайм, лимон немесе апельсин салыңыз. Таңқурай, құлпынай сынды жидектер де жарайды. Онан да ерекше сусынды қалайсыз ба? Бір тал жалбыз бен түйір киви немесе қияр салыңыз.

Сұйық ішу денсаулыққа өте пайдалы. Ал осындай сусындар сіздің төбетіңізді оятады әрі зияны көп газды сусындардың орнын алмастыра алады.

Әдетте адамдар бір тәулікте ағзаға қажет мөлшердегі суды уақытылы ішпейді: ағзаңыз ащы немесе тәттіні талап етіп тұрса, су ішетін уақыт болды деп біліңіз. Әйелдер күніне 9 стақан, ерлер 13 стақан су ішуге тиіс.

Көзді демалдыру

Қаншама қызметкер мен студент уақытының ең көп бөлігін монитор бетіне қараумен өткізеді. Дұрыс отырмау немесе жарықтың нашар түсуі бас ауруына әкеліп соқтырады. Бұл синдром компьютерден теріс айналғанда жоғалып кетеді.

Көзді монитордың қастандығынан сақтау үшін жиі үзілістер жасап тұрыңыз. Окулист мамандар «20-20-20» ережесін ұстануға кеңес береді. Компьютер алдында 20 минут отырғаннан кейін 20 сантиметр алыста тұрған затқа 20 секунд бойы қарап үйреніңіз.

Осындай қысқа үзілістер шаршауды азайтып, тұрақты жұмысты қамтамасыз етеді. Орындықтан да тұрып, жақсылап керіліп алған жөн. Тартылу қан айналымын жақсартып, дене мен ойды сергітеді.

Жыл бойы күннен қорғайтын крем қолдану

Соңғы зерттеулердің нәтижесі бойынша, әр күн

сайын күннен қорғайтын кремді қолдану екі бірдей пайда әкелетіндігі дәлелденді: күннен қорғайтын крем теріні кәрілік белгілерінен сақтап, терідегі қатерлі ісіктің пайда болу қаупін азайтады.

Осындай қорытынды айтқан аустралиялық ғалымдар күннен қорғайтын кремді жиі қолданатын әйелдер мен ерлердің өз қатарластарынан әлдеқайда жас көрінетіндігін байқаған. Олардың беттерінде әжім де, қара дақтар да аз.

Сондықтан да, қартаю үдерісін баяулатқыңыз келсе, таңертең жуынғаннан кейін кез келген ауа-



райында крем жағып жүріңіз.

Ашуланғанда онға дейін санау

Ашуыңызды басу үшін онға дейін санаңыз және әрбір сан сайын терең демалыңыз. Осы бір қарапайым әдіс бойды билеген ызадан құтқарады.

Санақ ойды алдайды, осы уақытта кері әсер беріп тұрған жағдайды немесе адамды ұмытып, басқа нәрсеге көңіл бөлесіз. Он санынан кейін де ашуланып тұрсаңыз, өрмен қарай санай беріңіз. Әр саннан кейін терең демалуды да естен шығармаңыз. Тынышталып, эмоцияңызды басқара алатын жағдайға жеткенде тоқтауға болады.

Пайдалы әдеттеріңіз көп болсын!

Дайындаған Айзат АСҚАРҚЫЗЫ,
ҚМУ ГЭФ журналистика
мамндығының 3-курс студенті

Мөлдір махаббат

Әңгіме

«Әлі есімде. Өмірлік жарым, сыңарым болған аруды жолықтырған кезім. Иесіз қалған ескі үйдің пешінде тұтанған от сияқты, ғайыптан ішкі жан дүниеме сезімнің алауын жағып жылу ұялатқан еді. Оның мөлдір кіршіксіз көздері шашқан пәк сезімнің ұшқыны менің жүрегімнің шоғын өршіткен болатын. Содан бері біраз жылдар өтті, ол кезде біз әлі мектеп оқушысы едік. Екеуіміз жаққан жалынды махаббатымыз әлі де алаулап тұр. Сол сезімнің оты өміріміздің сан түрлі қуанышты сәттерінде, бізді ұйтқып кеп соққан желмен шарпып, қайғы болып та күйдіріп жатты, ал кейде, қыстың қаһарлы күндеріндей көңілдің суық уақыттарында сол махаббатымыз бізді жылытып, сезімнің қатып қалған тұстарын ерітетін. Біздің басымызға түскен талай қиындықтарға төтеп берген махаббатымыз мұз үстінде алаулап жанған от сияқты еді» деп, бастады әңгімесін Ержан ағай.

Біз Ержан ағайдың айтқандарына құштар болдық. Әңгімелері кімді болсын баурап алатын. Бұл ол кісінің сөздерінің кереметтілігі ме, әлде, айтушының өз қасиеті ме, әйтеуір тобымыз осы ағайдың әңгімелеріне ғашықпыз. Сабақтан қалған 5-10 минут ұстаздың керемет туындыларына тыңдауға жетпейтін, ал біз болсақ барынша созуға тырысамыз. Сондай бір сәттің орайы туды, ағайды студенттер боп кездесуге шақырдық. Тағы да тамаша бір әңгіме айтып беруге, қазақ әдебиеті пенінің мұғалімінен өтіндік. Ол кісі кідірместен келісті. Топтың қыздары махаббат жайлы әңгімеге ынтызар еді, сол бір тамаша сезім, сананы жаулап алатын, саналы әр бір жан жүрегіне бар махаббат несімен құдіретті еді?... Осы отырыс та махаббат жайлы әңгімемен өрбіді.

Ержан ағай әңгімесін жалғастыра келе:
– 5-ші сыныпта оқитын кезім. Керемет алғыр болсам да, өз-өзімді танып, етек-жеңімді жинап, ақылым толыса бастаған. Осы уақытта қатарлас балалар әңгімесінде «алғашқы махаббат» атты кейіпкер пайда бола бастағанда, ол мен үшін таңсық емес еді. Жастайымнан қыздарды жақсы көруші едім. Әдемілікті ұнатам. Өзіме жолыққан немесе бір көріп қалған қатарлас қыздардың бәріне ғашық боп қала берем. 5-сыныпта оқып жүргенімде жаңадан бір қыз келді. Арқасында өрілген білектей қос бұрымына ақ торғын бантик қадаған, қарлығаштың түсіндей ақ-қара мектеп формасын киген қыз кіріп келді. Әдеттегідей апай оны сыныптағы оқушылармен таныстырды, есімі Ақжан екен, оны Кәлиманьң қасына жайғастырды. Ал Кәлима болса менің алдымдағы партада отыратын. Сендерге де белгілі болып отырған шығар, бұл қызға бірінші боп кім тиісерін. Иә, әрине, ол мен. Ал сезім білдіруге келгенде, менен озық түсер бала жоқ еді. Ұнатқан қызымның жанына барып, шаштан тартып, дөптерін шимайлап немесе кітабын ала қашып соңымнан талай қызды жүгіртіп едім. Бұл әрекетім бірақ осы жолы нәтиже бермеді. Соңында керемет романтика емес, «сыныптағы

тәртіпсіз оқушы» деген атақ пен қабырға газетіндегі суретіме әкеп соқты. Мектептегі барлық оқушылар алдында ұятқа қалдым. Жоғары сынып ұлдары тиісіп, «сен боқмұрынға не қыз керек?» дейтін.

Бүйтіп қыз қарата алмасымды түсіндім. Осыдан бастап Ақжанның алдында сағым сынып, көңілім қалып, басымды жоғары көтермейтін болдым. Содан бері «бала ғашық» «бала жасыққа» айналды. Махаббаттан алыстай түсіп, ойлаудан қалдым. Дос болып ойнап-күлген қыздар сол дос қалпында қала берді. Махаббатымды Ақжан өлтірді десе де болады.

Анам менің мінез-құлқымдағы өзгерісті бірден сезді. Болған оқиғадан кейінгі түрімді көріп, дереу мектепке келді. Кіре салысымен қабырғадағы тайға таңба басқандай, бақырайтып менің есімім жазулы тұрған қабырға газетін көрді. Бір қызды бажылдапты, шашынан тартып жатқан бұзақы ұлдың суреті, үстінде бағытталып көрсетіп үлкен әріптермен Қонысбай Ержан деп жазылған. Анашым сынып жетекшімнен барлық мән-жайды сұрап-біліп, кешке менімен сөйлесті.

– Балам-ау, ол жаңадан келген қызға неге тиістің? Сендер бір-бірінді толық танып білмейсіңдер ғой. Олай істеуің мәдениетсіздік болады, енді бұлай қайталама, балам. Ертең барып кешірім сұра, жарай ма? – деді.

Мен болсам басымды изеп, үндемей отыра бердім. Ертесіне сабаққа келісімен, жүгіріп барып еңтіге Ақжанның кешірім сұрадым. Жүрегім ала сұрып, қолдарым дірілдеп, ұялғанымды білдірмес үшін жүгіріп келгенім де сол. Қыз алдындағы ұяттылығымды осылай еңтіккен болып жасырдым. Әйтпесе, сынып төңіректері бірден мазақтап күлкіге айналдырар еді. Тағы да ұятқа қалғым келмейді. Бұл да намысқойлығым. Шын мәнінде жүрегім кешірім сұрап, сәл де болса тілдесуге асығып тұр. Қобалжығанымды бәрібір кішкентай қыз Ақжан байқап қойды. Кешіреді ғой деп барған едім, «жығылғанға жұдырық», қаршадай қыз «кетші бар» деген бір ауыз сөзбен шығарып салды. Бекер-ақ келгенмін. Барлық сыныптас достарым күліп, келемеждей бастады. Төмен қарап сыныптан жүгіріп шықтым. Сол күнгі сабақ жайына қалып, ата-аналар жиналысымен аяқталды. Тағы да нәтижесі сол Ержан сабақтан қашу өнерін шығарды, бұзақы боп барады.

Бірақ күндер, айлар, жылдар өтіп жатты. Уақыт емші барлығын өз орындарына қойып, сол күнгі қателіктерді ұмыттырып, оларды өткен күннің естелігіне айналдырды. Әр бір қоңырау сыңғыры, әр бір қоңыр күз сол балалық махаббаттан алыстата берді. Ержанның ерке қылықты махаббаты Ақжанның арыла бастады. Ақыр соңында сол сезім қалай ғана жойылып кеткенін байқамай қалдым.

Кенже ОРАЛҰЛЫ
(жалғасы келесі санда)

Үміткерді қолдау

Қостанайда «Елбасымен бірге - жаңа жеңістерге!» атты студент жастардың форумы өтті. Бұл шараны ҚР Президентіне үміткер Н.Ә.Назарбаевтың Қостанай облысындағы қоғамдық штабы ұйымдастырды. Басқасуға өлкеміздегі жоғары оқу орындарының басшылары мен ұстаздары, болашақ инженерлер мен агрономдар, журналистер және заңгерлер қатысты.

Қостанайдың студент жастары әрқашан ұлт көшбасшысын қолдап келеді. Олардың әрқайсысы оқу және шығармашылықтағы жетістіктері арқылы елдің болашағы екендіктерін дәлелдеуде. Алда өткелі отырған кезектен тыс сайлау науқанына қолдауларын жоғары оқу орындарының басшылары мен Қостанай облысы жастарының өкілі білдірді. Оның ішінде А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ ректоры Асқар Нәметов, ҚМПИ ректоры Қуат Баймырзаев, «Жас Отан» ЖҚ орындаушы хатшысы Ерлан Төлентаев жастарды сайлауға қатысуға шақырып, әрбірінің даусының өте маңызды екендіктерін айтып өтті.

2015 жылдың 26 сәуірінде өткізілетін президенттік сайлауды мемлекет тұлғелімен қолдап, сайлау науқанына қатысты іс-шаралардың өткізілу барысына бір адамдай кірісті. Осындай жұмыстарға Қостанай Мемлекеттік университеті де өз үлесін қосып отыр. Ендігі кезекте сайлау жайлы оқытушылардың пікіріне көз жүгіртейік.

Сансызбай ЖИЕНТАЕВ, А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ профессоры, экономика ғылымдарының докторы: – Дүние жүзілік экономикалық кеңістіктегі бәсекелестік кез келген елдің әлеуметтік-экономикалық өркендеуіне ықпал етіп отыр. Дүние жүзіндегі мемлекеттерді шарпыған экономикалық-қаржылық дағдарыс мемлекеттердің ішкі қуатына сынақ болары сөзсіз және оған дайындығы мықты ел ғана төтеп береді. Дағдарыс бір мемлекетті тұралатса,



екіншілерінен «сырғып» өте шығуы да ықтимал. Сондықтан, Президент Нұрсұлтан Назарбаев кезектен тыс, президенттік сайлау өткізу туралы шешімге қол қойып, көрегенділігін тағы бір мәрте дәлелдеп өтті. Бұл сайлау елімізге жаңа серпін әкелері анық.

Дмитрий ЛЕГКИЙ, А.Байтұрсынов атындағы

ҚМУ профессоры, тарих ғылымдарының докторы: – Бүгінде елімізде ірі шараның бірі өткелі отыр. Келер жылы екі бірдей сайлаудың кезегі келеді. Сондықтан осы шара барысында алпауыт елдердің қандай-да бір жоспарларының жүзеге аспауы үшін



бір сайлауды биылғы жылы өткізгендігі дұрыс деп ойлаймын. Елбасының өзі сыртқы қайшылықтар мен ішкі іріткіге қатысты халықтың қорқыныштарын басып, экономикалық дағдарыстан шығар жолда ауызбіршілікке шақыру қажеттігін атап өтті. Аталмыш сайлау тек халықты сабырға шақыру ғана емес, сонымен қатар Ресей Федерациясына «Қазақ еліне әлі талай жыл Назарбаев басшылық жасайтындығын және Евразиялық экономикалық одақ алға жылжитындығын» түсіндіру үшін де қажет».

Гүлнұр ӨМІРЖАНҚЫЗЫ



Ел бірлігі – рухани мұра

Қазақстан халқы Ассамблеясы - 1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Мемлекет басшысы жанындағы консультативті-кеңесші орган ретінде құрылғаны белгілі. Президент Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші жылына арналған Қазақстан халқының алғашқы форумында жариялады. Мен осы форумға да, Ассамблеяның алғашқы бас қосуына да қатыстым. Мұндай институтты құру қажеттілігі саяси тұрғыдан,

Стратегиясында айтылған үздік 30 елдің қатарынан табылады. Біздің Отанымыз – ортақ, тілегіміз - бір, мақсатымыз – жалғыз. Ол - жері гүлденген, елі түрленген, дамуы жедел, ұрпағы кемел Мәңгілік Қазақстан!» – деп атап көрсеткен болатын.

Қазіргі уақытта жоғарғы оқу орындарында тәрбие жұмысы жақсы жолға қойылды. Ахмет Байтұрсынов атындағы ҚМУ-де «Өнер» студиясы жұмыс істейді. Интеллектуалдық және пікірталас клубтары, көңілділер мен тапқырлар клубы, түрлі спорт секциялары жастардың сүйікті істеріне айналды. Университетте этносаралық студенттік Ассамблея құрылды. Олар көптеген игілікті істерге ұйтқы болып жүр. Студенттер «Мәңгілік ел» деп аталған патриоттық акцияға да белсене қатысты.

Екінші және үшінші курс студенттері қоғамдық жұмыстарға белсене қатысуымен көзге түсіп келеді. Олар түрлі ғылыми жобаларды жүзеге асыруға атсалысады, шет елдердегі университеттерде стажировкадан өтуге және тәжірибе алмасуға мүмкіндігі мол. Жыл сайын «Парасатты жастар» деп аталған студенттік бизнес-жобалар конкурсы өткізіліп тұрады.

Жоғарғы курс студенттері болса таңдаған мамандықтары бойынша кәсіби шеберліктерін шыңдайды, дипломдық жобаларын іске асыру үшін ізденеді, келісім-шарт бойынша жасалған жоспарларын іске асыра бастайды. Университетте жастар ынтық қолдау орталығы құрылған, оның құрамында «Тұлға тәрбиелеу» орталығы, «Сұңқар» спорт клубы, «Жас өркен» студенттер театры тағы басқа интеллектуалдық клубтар бар. «Ахмет ұрпақтары» деп аталатын пікірталас орталығы жастардың ой өрісін кеңейтуге ықпал жасайды, жастар күшімен оқу ордасында «Білім жарысы» газеті, «Жас өркен-Қостанай» журналы жарыққа шығып тұрады.

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің қамқоршылар және түлектер Ассоциациясы университеттің жоғарғы курс студенттері мен түлектеріне, бизнес-мемлекеттік құрылым басшыларына, білім беру сапасын жақсартуға қатысатын барлық азаматтарға қолқабыс жасап, университеттің тұрақты дамуына және жоғары білікті мамандарды дайындау орталығы ретінде жастарды жұмысқа орналастыруға көмегін көрсетіп келеді.

Наталья КИМ,
Ахмет Байтұрсынов атындағы ҚМУ
аппарат басшысы, ғалым хатшы



сондай-ақ жаңадан құрылған, тәуелсіз, полиэтносты, поликонфессиялық мемлекеттің тұрақты дамуы тұрғысынан туындаған болатын. Аталған бастама мәдениет аралық диалогты нығайтудың жаңа кезеңінің негізін қалап, этносаралық қатынастарды дамыту мәселелерін жоғары деңгейде шешуге мүмкіндік жасайтын әлемдік тәжірибедегі тың бағыт болды. Оның дамуы барысында этносаралық толеранттылық және қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі қалыптасты. Осы жылдар ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылымы нығайып, қоғамды ұйыстырушы әлеуеті толысты, ол халық дипломатиясының маңызды күретамырына айналды. Бүгінде Ассамблея Елбас төрағалық ететін конституциялық орган болып табылады. Бұл оның ерекше мәртебесін айқындайды.

Мұратқа жолын тапқан жетеді. Еңбегіміздің жанбағы біздің ортақ үйімізді бейбітшіліктің бесігі етіп, барды бағалай білуімізге байланысты.

Қазақты қасиетті қара шаңыраққа баласақ, еліміздегі барша этностар – сол шаңыраққа шаңшылған уықтар. – Ортақ ордамыз - Қазақстанның босағасын берік, шаңырағын биік ұстап, түтінін түзу ұшыру - елдік мақсат. Сонда ғана Қазақстан «2050»

НЕГР БАЛА

Қазақы құнарлы жерде, шалғайдағы Торғай топырағында, ұлттық тәрбие бесігінде тербелдік. Сырт жаққа, қалаға қарай көп жол түспеді. Шетел тірлігін экран, кинолардан көріп, таң-тамаша қалатынбыз. Алматыда, асқақ Алатау баурайында ҚазМУ-де оқып жүрген жылдары қара нәсілді адамдарды тұңғыш рет көрдік. Үстіндегі киімдері қымбат. Естүімізше, қалталары қалың. Бояуы қанық. Тістері ғана аппақ. Көшеде кездесе қалса, оларды көзбен біраз жерге дейін ұзатып салушы ек. Қызықты қараңызшы. Алыстағы Африка адамдары Арқа төсіне жайғасқан елордаға да жол тауып, табанын

тигізе бастапты. Астана қаласындағы тоғызыншы кіші аудан жақтағы Мұстафин көшесіндегі саябақтан өзіме-өзім сенбестей көрініске тап болдым. Отыздар шамасындағы негр жігіті қазақ қызымен қол ұстасып барады. Баяу қозғалған арбада екеуінің жақында дүниеге келген нәрестесі жатыр. Жалғыз мен ғана емес, саябақта тынығып отырған көпшіліктің назары өлгі отбасына қарай ауды.

– Орысша тәрбиеленген бала ғой.
– Қыздың әке-шешесіне қандай ауыр.

– Ақ махаббат ақшаға да алданып жатқан жоқ па?

Жүздеріне әжім сызықтары өрнек салған ата, әжелер күбір-сыбырды көбейтті. Намысы мүлде жоқ қызға іштей әбден ренжіді. Жастар желкілдеп өсіп жатыр. «Мұндай жат әрекеттен, бейбастақ істен бетін аулақ қылсын» деп сөздерін түйіндейді қариялар жағы.

Әкем Оразбайға тартып, әзіл-қалжыңды қалтамнан суырып шығаратын әдетіме басып, әңгімеге тұтқиылдан араласып кеттім.

– Осы бізді жұрт қара қазақ, қара қазақ дейді ылғи. Мына негрге қарағанда, шынында, аппақ екенбіз ғой, – дедім мен.

Жан-жағымыздағы жұрт бір мезгілде ду күлді. Бірақ ол ұзаққа бармады. Саябаққа жиналған үлкен-кішілі қауым қайтадан көңілсіздік кеңістігін кезіп кеткендей. Өзімнің ойыма кешегі топырағы торқа болаып, Кеңес дәуірінің сұйық саясаты оралады. «Интернационализм, интернационалдық отбасы» деп қанша мәрте кеуде көтердік, аспандап, айғайға бастық. Егеменді елге айналған тұста некелесу рәсімі жөнінен тындырар тиянақты шаруа сан алуан. Туған тіл десе тітіркенетіндер, қазақы қасиеттен қашық жүргендер мықтап, дұрыстап ойланғаны жөн-ау.

Әлден уақытта «бізді көрдіңдер ме?» дегендей қазаққа күйеу негр әйелімен, арбадағы кішкентай бөбегімен дәл жанымыздан тағы да өтіп барады. Жүрек шаншиды, көңіл нала. Тіл ұшына бір ауыз шынайы шумақ келіп қалды. Іштей қайталай беремін.

Қашаннан халық – мектеп, елім – дана, Қажеті – баба өсиетке сенім ғана. Үнсіз ғана қараймын арба жаққа, Үнсіз ғана ұйықтайды негр бала.



Нағашыбай
МҰҚАТОВ, ақын

Муған жердің киесін сезіну



Биыл «Қазақфильм» киностудиясынан режиссер Рашид Сүлейменовтың «Оралу» атты туындысы көрерменге жол тартты. Оны қостанайлық жастар Рудный қаласындағы «Айгүл» кинотеатрында тамашалады. Фильмнен бүгінгі уақыттың, өмірдің бет-бейнесін анық көруге болады. Жаһандану үдерісіне жұтылып кету тұтас халықтың ғана емес, әр адамның басындағы тағдыр тауқыметі деуге болады. Ал тұтас халықтың тамырынан үзілуі, сөйтіп бет қаратпас жаһандану үдерісіне жұтылуы осылай әр адамның ұлтына, Отанына деген махаббатының көмескі тартуынан басталатынын фильм ескертетін секілді. Фильмдегі актер Санжар Мәдиев сомдаған Мақсат бейнесі көрерменге алдындағы апанға түсуден аман қалған адамдай сезіледі. Шет елге білім қуып барған Мақсат ақырында ұлтына, тегінен жеріне бастайды. Оған тікелей «қазақсың ба?» деген сұрақ қойылады. Сонда ол «солай деуге де болады» деп жауап береді. Оның бойындағы қазақ иісінің көмескіленгені сондай, ол Мақсат деген атын атағанды жаратпай, тіксінеді. Өзін «Макс» деп таныстырады. Тіпті, атасының қазасын естірткенде қайғырмайды. Оның дерті, ойы – атасынан қалған мұра, ақша.

Алауылда қалған Мақсаттың бауыры Мейрамбектің бейнесі тіпті басқаша әрілген. Оның қазақы қалпы тұнық күйінде, бүлінбеген. Ол Еуропада оқып, терең білім алмаса да, оның жаны таза, халқымыздың болашағы үшін толғанады, оның жауапкершілігін жақсы сезінеді. Ауылын, ұлтын сүйетіні оның жылқыға деген ынтызарлығынан көрініп тұрады. Мақсаттың өзгергені оның жанын күйзелтеді. Сонымен қатар мемлекеттік бағдарламамен ауыл мектебіне келіп, мұғалім болып жүрген Іңкөрдің бейнесі де сенімді, жақсы шыққан. Аружан Жазыбаева сомдаған Іңкөрдің бейнесінен шетелге бармаса

да, Еуропаның шулы қалаларында жүрмесе де, ауылға келген жастарымыз ешнәрседен кем қалып жатпағанын түсінуге болады. Ат құлағында ойнаған қазақ қызының сұлулығы қандай тамаша! Мақсаттың отанға, туған жерге деген сөніп бара жатқан сезімін оятқан да Іңкөрдің, Мейрамбектің таза бұлақ суындай шынайылығы деуімізге болады. Мақсаттың бойында киелі сезім оянып, ол ұшақтан түсіп қалуға әрекет жасайды. Мүмкін ол түбінде туған жерге қайта оралар, бәлкім. Фильмнің түйіні де осы.

Фильмді тамашалаған «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы «жас Отан» жастар қанатының атқарушы хатшысы Ерлан Төлетәев шығарманың жастар саясатындағы өзекті мәселені қозғағанын айтты. Мақсат бүгінгі шет елде білім алып жатқан жастар арасында кездесетін жиынтық бейне деуге де болады.

– «Оралу» фильмі дер уақытысында көрерменге ұсынылып отыр. Ол өзекті тақырыпты арқау етуімен қымбат дер едім. Себебі қазір мемлекет қаржысымен шет елдерде білім алып, тез өзгеріп шыға келетін замандастарымыз аз емес. Жайлы өмірге тез бойы үйренген қыздар мен жігіттер оқуын бітірген соң, туған елге қайтқысы келмейді. Осындай келеңсіз көріністердің орын алғаны жасырын емес. Менің бір сыныптас досым Англиядағы Ливерпуль қаласында инженер-бағдарламашы мамандығын игерген болатын. Университетті бітірген соң, сонда жұмысқа қалды. Екі жылдан соң, бәрібір Қазақстанға қайтып келді. «Бәтен елде, туыссыз, доссыз өмір сүрудің қиындығын сезіндім, өз еліме ештеңе жетпейді екен» деп мойындаған болатын. Оның туған ата-анасы, бауырлары елге қайтуына көп ықпал етті. Ал «Болашақ» бағдарламасымен оқып жатқан тағы бір таныс құрбымыз жақында Вена қаласында қалғысы келетінін айтты. «Онда ғылыммен айналысуға толық мүмкіндік бар» дейді. Біз, достары оның бұл шешімінің дұрыс еместігін айттық. Осы құрбымыздың көзқарасы «Оралу» фильмінің бас кейіпкері Мақсатқа ұқсайтын секілді. Ол да түбі патриоттық сезімі оянып, туған жерге туын тігетін болады деп ойлаймын, – дейді Ерлан.

«Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» дейді қазақ халқы. Атасының мұрасын іздеп кіндік қаны тамған жерге келген Мақсат ақырында туған жердің киесін сезінеді. Ол атасының ғылыми зерттеулер жүргізген құжаттарын тауып алып, оны өзі иемденіп кетпей, атасының рухын сыйлауы, ғылыми жаңалықтың иесі Қазақстан деп бағамдауы патриоттық сезімге бөлейді. Елін сүюдің, халқын құрметтеудің үлгісіндей туған жеріне деген қимастық сезімнің оянуы фильмнің басты кейіпкері Мақсаттың кіндік қаны тамған топыраққа оралатынына сөндіреді. Фильмде Елбасы Н.Назарбаевтың сара саясатының арқасында тәуелсіз Қазақстанның қол жеткен табыстары да баяндалады. Елбасы жүргізген жастар саясатына адалдық бүгінгі жастардың Отан алдындағы борышы болуы тиіс.

Олжас АҚЖОЛ

Дүниежүзін кіріптарлыққа салып отырған дағдарыс салқыны Қазақстанды да айналып өтпейді. Ресей рублінің құлауына байланысты республика кәсіпорындарында өндірілген көптеген тауар түрлерінің өтімі төмендеді. Алайда дағдарысқа өзімізде өндірілетін өнімдер сапасының жақсартылуымен қарсы тұрамыз. Соңғы бес жылдықта Қазақстанда машина жасау өндірісі пайда болып, дами бастады. Қостанай қазір машина жасау орталығына айналды. «АгромашХолдинг» және «СарыАрқаАвтоПром» зауыттарынан Ssang Yong пен Toyota жүрдек автомобильдері, IVEGO жүк машинасы секілді әлемдік брендтер өндіріліп, сапқа қойылады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастама-



Қазақстандық мазмұнның маңызы неде?

сымен өмірге жолдама алған «Қазақстанда жасалған» акциясы отандық өндірістегі өнімдерді қолдау және қарқынды дамытуды мұрат тұтқан болатын.

«АгромашХолдинг» зауыты өндірістік алаңындағы Ssang Yong пен Toyota жүрдек автомобильдері, IVEGO жүк машинасы құрастырылып жатқан цехтардың тазалығынан шыбын тайып жығылардай. Зауыттар басшылары Алексей Сидоренко мен Андрей Лаврентьев атшаптырым цехтарды қонақтарға аралата жүріп, акцияға жиналған қонақтарға толық өндірістік үдеріс, соның ішінде толығымен роботталған автомобиль шанағын дәнекерлеу және бояу, шанақ пен раманы жалғау үдерісі, барлық кезеңдер мен әрбір желі жұмысының нәтижесі ретінде – кәсіпорынның дайын өнімі туралы әңгімеледі. Бүгінгі күні «АгромашХолдинг» пен «СарыарқаАвтоПром» өндірістік алаңдарында өндірілген автомобильдердің барлық модельдер қатары 7 брендтің 43 үлгісін құрайды.

IVEGO жүк машинасы негізінде құрастырылған өрт сөндіру, бензин, цемент, қоқыс таситын және «жедел жәрдем» машиналары елімізде үлкен сұранысқа ие. Мысалы, Алматы облыстық Төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру машиналарының 24 данасын бір-ақ алған. Оның бұрынғы машиналарға қарағанда артықшылықтары мол. Мысалы 3 тонна су мен 5-ші қабатқа дейін жететін автосаты бір машинада оналастырылған. Олардың құрастыру үдерісінің 30-38 пайызы қазақстандық мазмұнға ие. Тіпті, «Жедел жәрдем», анығырақ айтсақ реанимобиль машинасын жасағанда қазақстандық мазмұн 70 пайызды құрайды. Бұл да өз еліміздің денсаулық сақтау саласына өте қажетті заманауи жабдықтың біріне айналған.

Қостанайда өндірілген Қостанайдағы машина құрастыру зауыттары еліміз нарығына керекті машиналардың барлығын құрастыруға қабылетті. Мысалы қазір Астана көшелерінде Iveco Citelis автобустары жүреді. Өте қолайлы көлік. Міне, акцияда осы автобус көрсетілді. Осы автобус «АгромашХолдинг» өндіріс алаңында құрастырылады. Алдағы уақытта еліміз қалалары мұны Франциядан емес, Қостанай зауыттарынан сатып алатын болады.

– Қазақстандық мазмұн дегеніміз, ол құрастырылған машинаның өзіндік құнының едәуір бөлігі өзіміздің инженерлердің, жұмысшылардың, жобалаушылардың еңбегінен тұрады деген сөз. Қостанайлық машина жасаушылар оның көлемін бірте-бірте ұлғайтып келеді. Бұл дегеніміз – Қазақстанда қалатын қаржы, жұмыс орны,

жалпы тұрғындардың әлеуметтік жағдайының көтерілуі, еңбекақы деген сөз. Бұл акцияны өткізу себебіміз қазақстандық индустрияның мүмкіндігі мен болашағын паш ету болатын, – деді Экономика вице-министрі Тимур Жақсылықов. Акцияға қатысушылар зауыт ауласындағы жаңа ауыл шаруашылығы техникаларының көрмесін де тамашалады. Астық жинайтын комбайндарға сұраным жоғары. Олардың 44 пайызы сатылды.

Қаржы – экономикалық дағдарыс дүниені шырғағанымен қазақстандық өндіріс қадамы кібіртіктемейді. Мемлекет отандық өндірушілерге қолдау білдіріп отыр. Биыл машина жасау өндірісі үшін 20 миллиард теңге бөлінетіні жөнінде шешім қабылданды. Оның 5 миллиард теңгесі лизинг бағдарламасы үшін жұмсалса, қалған 15 миллиард теңге тұтынушылар сұранысын қолдайтын болады.

AllurGroup автомобиль компаниясының президенті, «АгромашХолдинг» директорлар кеңесінің мүшесі Андрей Лаврентьев Қазақстандағы өнім өндірушілерді қолдау мемлекеттік бағдарламалары өндірісті кеңейтуге және тұтынушылар үшін бағаны да төмендетуге мүмкіндік жасайтынын айтты.

– Елбасы еліміздегі барлық өндірісшілерге өзіндік құнды төмендетуге, сол арқылы бағаны кемітуге шақырған болатын. Оған біз автомобильшілер тек қазақстандық мазмұнды ұлғайту арқылы қол жеткізетін боламыз. Мысалы, қазір қазақстандық мазмұн 40 пайыздың үстінде. Алдағы 3-4 жылда ол елу пайыздан асатын болады. Міне, осылай болғанда баға да арзандайды, табыс та молаяды, – деді Андрей Лаврентьев.

«Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясат шеңберінде қазақстандықтарға отандық өнімді дөріптеу «Қазақстанда жасалған» акциясы осылай бастау алды. Машина жасау өндірісінің Қостанайда орналасуы, дамуы осындағы біздің әңір жастары үшін де маңызы зор. Қазір зауыт цехтарында жаңа технологиямен зергердей жұмыс істеп, машина құрастырудың қыр-сырын үйірліріп үйреніп келе жатқандардың басымы жастар. А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті де зауытпен тығыз байланыста. Инженерлік техникалық факультетінің студенттері машина құрастыру зауыттарының цехтарында практикадан өтеді. Олар болашақ жұмыс орнын да зауыттан табады. Машина құрастыру ісіндегі қазақстандық мазмұнды болашақ инженерлер, мамандар кеңейте түсетін болады.

Жәмила СЕЙІТХАНОВА

Еңбектің құдіретін қалай түсінеміз?

Терлеп еңбек етпегеннің тілегіне жеткенін көргенім жоқ
Бауыржан Момышұлы

Кәмшат ДӨНЕНБАЕВА, Еңбек Ері: – Еңбек



дегенің үлкен тақырып. «Еңбек етсең емерсің» деген ғой халқымыз. Жер жыртқан соқаның жүзі алмастай жарқырай беретінің қаңтарылып қойған соқаны тот басыны бала күннен-ақ әдебиеттен оқырап өстік. Жас күнімнен еңбекке араластым, зейнетке шыққанға дейін трактор рулінен түскен жоқпын. Әр

адамда өзінің, отбасының, Отанның алдындағы жауапкершілік болуы тиіс. Еңбек етпеген, жалқау жан осы жауапкершілік сезімді жоғалтып алады. Қай заманда да әлемнің әміршісі – еңбек болған. Біздің қоғамда тек адал еңбек еткеннің ғана шынайы құрметке ие болатындығын көріп отырмыз. Қандай қызметте болсын өзінің адал еңбегі, ақыл-парасаты, өр мінезі арқасында талай жетістікке жетіп, белесті бағындыруға болады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев еңбек туралы айтып келеді. Мұны ол өсіресе, жастарға арнайды. Студент жастар еңбекті қалай түсінуі тиіс? Олар үшін еңбек – жақсы оқу, сапалы білім алу. Әр күнін бос жібермей, кітапханадан шықпай оқыса, оның ертең-ақ нәтижесін көреді. Жақсы маман болып қалыптасады. Еңбекқор жастың рухани тұлғасы да биік болады. Мен жастарға уақытты, жастық шақты бағалаңдар деген өсиет айтқым келеді.

Жұмағали ҚҰЛМАҒАНБЕТОВ, зейнеткер: –



Мен ғұмыр бойы ауылда тұрдым, мал бақтым. Қай жұмыста болсаң да, оны ынтымақтаумен атқаруың тиіс. Біздің аталарымыздың негізгі кәсібі мал шаруашылығы болған ғой. Сонда малшылар төрт түліктің жайын қазіргі зоотехник, ветеринар мамандар секілді біліп, кең даланы мыңғыртып мал өсірді. Осының барлығы да құрық ұстаған жылқышының, сиыр баққан бақташының, қой баққан қойшының маңдай терімен мүмкін болған. Табиғаттың дауылында, нәсерінде немесе аптап ыстығында далада мал бағу, оны иттен-құстан аман сақтау оңай ма? Оның жем-шөбін дайындау да шаруаға оңайға түспеген.

Еңбекті тек ғана мал бағу немесе орақ ору деп түсінуге болмайды. От басын құрып, бала өсіру, тәрбиелеу де еңбекпен келеді. Халқымызда «әр адам үй салуы, ұрпақ өсіруі және тал егуі керек» деген

тәмсіл бар. Осының барлығы еңбекпен келеді. Жастар еңбекқор болмаса, ол туралы айналасында жақсы пікір қалыптаспайды. Бүгін студенттерге жақсы оқу керек. Ыбырай атамның: «Сиса көйлек үстіңде тоқуменен табылған, сауысқанның тамағы шоқуменен табылған» деген өлеңі менің есімнен кетпейді. Ұлы ағартушы оқудың да еңбекпен келетінін айтқалы отыр.

Адал еңбектің нәтижесі адамды ерекше сезімге бөлейді, өзіне деген сенімділікке жетелейді, бақытқа, байлыққа жеткізеді. Еңбексүйгіш адам айналасына да сыйлы, беделді болады. Адам өз мақсатына ерінбей еңбек еткенде ғана қол жеткізе алады. Әркімге өзінің еңбегімен келген нәрсе ыстық және қымбат. «Бейнетің қатты болса, татқаның тәтті болар» деген халық даналығы осыдан шыққан. Осы уақытқа дейін балаларым мен немерелеріме адал еңбек етіп, маңдай тердің жемісін көре біліңдер деп айтып келемін. Шүкір, бүгінде үлкеннің ақылымен өскен балаларым өз орындарын тауып отыр.

Арайлым ЕЛЕУТОВА, «Тілеу-қор-Үміт» қайырымдылық қорының қызметкері: – Мен өмірді

сүйемін. Жұмысымды жүрек қалауыммен таңдағанмын. Оқуымды тәмамдаған соң, түрлі ұсыныстар түсті. Бірақ мен олардың ешқайсысына барған жоқпын. Өзіме бала кезден ұйымдастыру жұмыстары ұнайтын. Жүрегім қалаған істің соңынан Алматыға кеттім. Бүгінде қайырымдылық жұмыстарымен айналысамын. Мұны бір жағынан сауапты іс деп білемін, екіншіден оған шығармашылықпен қарағандықтан өзіме ұнайды. Қазір ертемен жұмысыма жеткенше, бар ісімді тындырып, нәтижесін көргенше асығамын. Өз саламды меңгеріп, зерттеп, әрдайым ізденіс үстінде жүремін. Қайырымдылық жұмыстардың нәтижелілігі және оған қаржы табу үшін қызықты жобалар жасаймыз. Бұл істе өзімнің мүмкіндіктерімді, біліктілігімді жетілдіруге тырысып жүремін. Жұмысқа ерте барып, кеш қайтамыз. Қор жұмысы барысында қолыңда қаржысы бар бизнес саласының өкілдерімен, қайырымдылық шаралары қызықты өту үшін белгілі адамдармен, жұлдыздармен кездесуге, оларды игілікті шараға тартуға тура келеді. Мұның барлығы да еңбек деп білемін. Бұл мені шабыттандыра түседі. Бойында бір пайыз талантты болса, қалғанына еңбектің арқасында жетесің. Қазір заман талабы – адал таза еңбек. Жастар алдымен қалауымен мамандық таңдап, сол саланың мықты маманы боламын деген мақсат қоя білуі керек. Өмірдің мәні еңбек етуден тұрады. Жұмысыңа сүйіспеншілікпен қарасаң, онда айналаңа да сондай құрметпен қарайсың.

Дайындаған Гүлнұр КӘКІМБЕК

Өнерлі, белсенді, жігерлі жас

Аты-жөні: Ұзақбай Әйгерім Сұлтанбекқызы

Факультет: Аграрлық-биологиялық факультет

Мамандығы: Өңдеу өндірісінің технологиясы

Курсы: 2 курс

Хоббиі: Қолы бос уақытта көбірек таза ауада серуендеуді ұнатады, пікір-сайыс, жайдарман ойындары ойнап, кітап оқып, музыка тыңдайды

Сүйікті кітабы: Дейл Брекенридж Карнеги «Ораторское искусство и оказание влияния на деловых партнёров», Бердібек Соқпақбаев «Менің атым Қожа»

Арманы: Тұлға болып қалыптасу, алдағы уақытта оқуын үздік бітіріп, өз еліне үлес қосар азаматша болу

Өмірлік ұстанымы: «Адам боп келдім өмірге, адам боп кету - парызым»

Жетістіктері: №2 студенттер үйінің төрайымы, «Ахмет ұрпақтары» пікір-сайыс клубының мүшесі, «Ахмет ұрпақтары» жайдарман тобының ойыншысы, 2013 жылғы студенттер үйінің үздік старостасы, 2014 жылғы үздік төрайым, асыл ару байқауының «Жарқын ару» номинациясының иегері

Көпшілік пікірі: Әйгерім ортамен тез тіл табысып кетеді. Ғаламторда отырып, достармен әңгімелескенді жақсы көреді. Білімді, алғыр, жігерлі қасиеттердің бәрі бір ғана Әйгерімнің бойынан табылатындығын достары жиі айтады.



ұсынысымыз жерде қалмай, орындалды ды...

Сол жылы №2 облыстық ғылыми-әмбебап кітапхана мамандарын (штат) қысқарту жөніндегі облыстан түскен қаулыға қарсы шығып, рухани орданың сақталып, бөлімдерінің толық жұмыс істеуі үшін араша түсуге белсене араласқан екі адам болса, соның бірі – жетісулық біз, екіншісі – жетісайлық Көбей Жетібай болған. Арнайы келген тексеріс мүшесі (ревизор) біздің бас көтерімізге разы болып, жастарға кітапхана керек екен деп, қаулының күшін жоюға уәде берді. Шындығында, кітапхана сақталып қалды. Бұл – Торғай өлкесінде білім алған өзге облыс тумасының Арқалыққа деген сүйіспеншілігі еді...

Үшіншіден, біз – студенттік кезде-ақ, кітап шығардық. Алғашқысы – «Қаламгер, ғалым, қайраткер Ахмет Байтұрсынұлының әдеби мұрасы» атты ғылыми зерттеу еңбек. 2-курста шықты. Жетекшіміз Ардақ Әмірханқызымен бірігіп жазылды. Бұл кітаптың шығуына мұрындық болған марқұм қарымды қаламгер Қоғабай Сәрсекеев атамыз еді. Институт ректоры Сейітбек Қуанышбаев демеушілік жасады, ол кісі шығармашыл жастарды үнемі қолдап жүреді. Екінші кітап – «Мен де АрқМПИ түлегімін...» деп аталды. Бұл кітапқа 2011-2014 жылдар аралығында, яғни, студенттік шағымызда әр түрлі оқиғаға, түрлі іс-шараларға орай жазылған мақалалар мен замандастар жайлы ой-толғамдар енді. Осы кітаптың шығуына да себепкер болған институт басшысы. Ол кісіге Алла разы болсын!

Төртіншіден журналист ретінде студент кезімізден-ақ, Арқалық, Торғай өңірінің өзекті мәселелерін мерзімді басылымдарға жариялап, үн қосқан екенбіз. Сол біз қозғаған олқылықтардың көбі оңтайлы шешімін тапты десек, артық айтқанымыз емес. Атап айтар болсақ, «Арқалық – шалқар көкжиек» (республикалық «Ана тілі» газеті, №22(1122) 31 мамыр – 6 маусым, 2012), «Арқалықтың сегіз жылы бар» («Экономика» газеті, №1(383) 1-16 қаңтар, 2015), «Арқалықтағы ескерткіштерден айырылып қалмайық!» («Ана тілі» газеті, №42 (1195) 19-25 қазан, 2013), «Далалық өлке» Торғай тарихынан сыр шертеді («Ана тілі» газеті, №18(1224) 7-14 мамыр, 2014), «Алтынсарин аманатына адалдық» («Ана тілі» газеті, №36(1242) 11-17 қыркүйек, 2014), «Тарихи атауларды қалпына келтірейік» («Ана тілі» газеті, №43(1249) 30 қазан – 5 қараша), «Тарих мұраларымызды бағалайық!» («Ана тілі» газеті, №41(1247), 16-22 қазан, 2014), «Қазақстан Темір жолы» АҚ қайда қарап отыр?! Станцияға тоғыз сағат тоқтайтын поезд» («Экономика» газеті, №45(374), 13-19 қараша, 2014) секілді тағы басқа мақалаларымыз бен жанайқайымыз жиі республикалық, облыстық, қалалық басылымдарға жарияланып жатты. Жоғарыда келтірілген мысалдар бұлардың тек бірпарасы ғана. Біздің жазғандарымыздың дені облыстық «Қостанай таңы», қалалық «Торғай», «Арқалық хабары» газеттеріне жарияланған. Торғай өлкесіне келгенде

тұңғыш мақаламыз «Арқалық хабары» газетіне шыққан еді...Енді осының бәрі – өз алдына естелік.

Арқалықтан Алматыға жүретін поезд туралы мәселе көтерген едік, құзырлы органнан қуанышты жауап келді. Торғай халқы үшін атқарған пайдалы ісіміз осы болды. Өзіміз руға, жерге, географиялық орналасуға байланысты бөлінгенді ұната қоймаймыз. Жікшілдер тобырынан болмағанымызға қуанамыз. Біз, үшін Торғай мен Жетісудың ешқандай айырмашылығы жоқ. Бірі – туған, өсіп-өнген жер болса, екіншісі – жастық шағымыз, студенттік кезіміз өткен жер. Сонда да, Торғайдың орны алабөтен.

ЖҮРЕК ҚУАНЫШЫ: Арқалық бізге не берді? Абырой берді. Білім берді. Ұлтжанды азамат болуды үйретті. Кітабымыз шықты. Мерейімізді асқақтатты. 2014 жылдың 26 -қараша күні облыстық жасөспірімдер театрында Көбей досымызбен бірігіп, «Біз де АрқМПИ түлегіміз...» атты шығармашылық кеш өткіздік.

Шөптібай Байділдин, Молдатай Жапарұлы, Қуанышбай Қазымбеков, Қонысбай Ағуанұлы секілді аға буын өкілдерімен жақын қарым-қатынаста болдық. Марқұм Роза Халыққызының көп жақсылығын көрдік. Бақытгүл Дәуітбекқызы, Гүлбаршын Спанқызы, Зулфия Николақызы, Гүлжанат Қалашқызы, Роза Лайыққызы секілді апайларымыз үнемі қолдап, шығармашылық ізденісімізге қолдау көрсетті. Бұл кісілерге шынайы жүрегімізбен ақ тілегімізді білдіреміз. Арыстан Есмұхамедұлы, Мұрат Жүнісұлы, Дархан Амантайұлы, Қайрат Әлімұлы сияқты белгілі жорналшы ағаларымыздың сенімінен шықтық. Әсіресе, Қайрат ағадоспен жақын шығармашылық байланыста болғанымыз мәңгілік естен шықпасы анық.

ЖҮРЕК АРЫЗЫ: Тегінде, адамның атаққа қызыққаны жақсылық емес екені белгілі жәйт. Алайда, атқарған еңбегінің еленбеуі қиянатпен бірдей сезіледі екен. Жақсы бастамаға, игілікті басталған іске көлденең кедергілердің кездесуі де өмірдің бір заңдылығы ма деп қаламын. Дегенмен, адал еңбек ғана бәрін де жеңбек деп жұбатамыз жүректі. Елге, жерге еткен қызметің үшін сол елден сый-сыяпат күту, дәмету – сорақылық. Жаратқан ием жүрекке иман, руханиятқа деген жанашырлық сарқылмас сезім берсін!

ЖҮРЕК СӨЗІ: Киелі Торғай! Сен менің бағыма жазылған бақытсың! Мен сенің тамыры терең тарихыңа аш көзіммен үңілгенімде басымнан сипап, алдыма бар асыл қазынаңды жайдың. Мен енді қасық қаным таусылғанша сенің әрбір жарқын көрінісінді жазып өтуге дайынмын.

ЖҮРЕК ҮМІТІ: Ілгері күннен күтеріміз көп. Арқалықтың, Торғайдың дамып, қарыштап өсуіне бек сенеміз. Торғайдың даласының гүлденуіне, Арқалықтың ғұмыры елімен мәңгі боларына деген сеніміз басым. Үміт алға жетелейді.

Елдос ТОҚТАРБАЙ,
Торғайдың жетісулық баласы



Ұлы Отан соғысы тарихының беттерін парақтаған адам Жеңіс туын желбіретуге Қазақстанның қосқан үлесі мол екенін байқар еді. Аяқ астынан басталған әділетсіз арпалысқа Қазақстаннан 2 миллионға жуық адам әскер қатарына шақырылды. Солардың бірі, жерлесіміз, Ұлы Отан соғысының ардагері, Қасымхан Алдабергенов болатын. Бүгінде жасы тоқсанға таянған қарт абыз соғыс оқиқалары, Жеңіс, майдандас достары туралы тебірене әңгіме айтады. Жалынды жылдарды еске алып отырады.

– «Встать!», «Ложись!», «Бегом марш!», «Направо-налевоға» 17 мен 25 арасындағы жасымызды беріппіз. Адамға бір-ақ рет берілетін өмірдің бұл қандай тұсы екенін айтып жату артық шығар. Ғылым мен білімді, өнер мен өнегені игеретін албырт, гүлдей жайнайтын кезің емес пе?! Бірақ қайда, қандай жағдайда жүрсең де өмір өнерсіз өтпейді, өзіндік із қалдырады, – екен дейді Қасымхан ата.

1943 жылы мұрты тебіндеген, 17 жасқа енді толған бозбала еді. Майданға аттанды. Ауылға майданнан «қара қағаздың» қарғадай жуып тұрған кезі. Жас жігіттің бойында ағалары, әкелері үшін жаудан кек аламын деген алапат, патриоттық езім болатын. Соғысқа Қостанайдан Златоуст пулемет училищесінен барды.

– Ұрысқа жаяу әскер есебінде кіргенмен, өуе десанты болып, жау тылында айқастық, – дейді майдангер. Қасымхан батыр Батыс Еуропа – Венгрия, Австрия, Чехословакия елдерін фашизмнен азат етуге қатысты.

Өткен ғасырдың 50-ші жылдары әскерден босап, елге келеді. Соғыстан кейін қаруды қаламға айырбастап, «Қостанай таңы» газетінде ширек ғасырдан астам меншікті тілші болып жемісті еңбек етті. Қасымхан аға об-


Отан үшін от кешкен немесе соғыс ардагері

Қасымқан Алдабергенов жайлы ойтолғам

лыс шежіресін жазды. Өлең де жазып, ән де шығаратын. Қаламгер, ұстаз-тәлімгер халқымыздың ғажайып өнері – айтысты, жырау-термешілікті жалықпай насихаттап келеді. Ол талай айтысқа қатысып, суырып салма өнерімен көрерменді тәнті еткен.

Ұлы Жеңістің 55 жылдық мерейтойында майдангер қарт Астанадан шақырту алып, 65 жылдығында Мәскеуде өткен Жеңіс парадына қатысып қайтқан сан алуан сарбаздардың бірі болды. Кеңес Одағының Батыры Естай Есжановтың ерлік тарихын біраз зерттеп, жариялады. Естай батыр жайлы соғыс кезінде жазылған талай дүниелерді тауып, бүгінгі ұрпаққа жеткізді.

Қасымқан Алдабергенов I және II Украин майдандарын-



да соғысып ерлік көрсеткені үшін II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін» және көптеген мерекелік медальдарымен марапатталған.

Қасымқан ата студенттермен, оқушылармен жиі кездесіп тұрады. Ақыл-кеңестерін айтып,

майданда от кешкен достарының ерліктерін баяндап отырады. Отан үшін от кешкен батырларымыз аман болғай!

Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ,
ҚМУ ГЭФ журналистика мамандығының 4 курс студенті

«Біз ауылды гүлдендіреміз»

«Дипломмен — ауылға!» бағдарламасына қатысушылардың Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтында өткен слетінде жастар осындай тұжырымға келді

«Гүлденсе ауыл — гүлденеміз бәріміз!» деген Би-ағаның қанатты сөзі менін жойған жоқ. Қайта бүгінгі күні оның маңыздылығы арта түсетін секілді. Қалада білім алып, мамандық игеріп жатқан жастар ауылға барғанда ғана туған өлкенің шырайы кіріп сала береді. Өйткені Елбасы ауыл шаруашылығын өліміз экономикасының іргесі деп атаған болатын. Екіншіден, халқымыз үшін ауыл — түптамырымыз, киелі мекен емес пе? Дәстүр-салтымыз, мінезіміз, тіліміздің түбі — ауыл. Ауыл азса халқымыздың бүкіл рухани дүниесі арзандағандай болады. Сондықтан ауылды жастардың

жастық оты мен жігері ғана сақтап қалады.

Ауылға алдымен көрегі — мұғалім! Қостанай педагогика институтының География факультетін 2012 жылы бітірген Бекжан Ешматов көп ойланған жоқ, Денисов ауданы орталығындағы №3 қазақ орта мектебіне жолдама алды. Алдымен Бекжан мемлекеттік бағдарламаның ұсынған барлық жеңілдігін пайдаланды. Баспаналы болды, көтерме көмегін алды.

— Осылай өзімнің тұрмысымды түзеген соң, ауылдың бұрымды сұлуына үйленіп алдым. Қазір үйім де, отбасым да, сүйікті жұмысым да бар. Өз қолым өз аузыма жеткен соң бауырларыма көмектесе бастадым. Ал ауыл — менің өмірім. Ауыл балаларына сапалы білім беру жолында барлық күш-жігерімді, білімім мен білігімді аянып жатқаным жоқ. «Жастар үшін ауыл көңілсіз, іш пыстырады» дегендерді мен

жалқаулар қатарына қосамын. Олар еңбек өткісі келмейді. Қазір қай ауылда да бағдаршамнан басқаның барлығы бар. Клуб дейсің бе, шатхана дейсің бе — жастар баратын жер жетеді. Ауылдағы жылы қарым-қатынас, достықтың өзі өзгеше, — деп шешіле сөйледі «Дипломмен



— ауылға!» бағдарламасына қатысушы Бекжан Ешматов.

Оның Қостанай ауданының Заречный ауылынан келген әріптесі, ағылшын тілінің маманы Жанар Хабибулла ауылда еңбек ету әр жас үшін өмірлік тәжірибе екенін айтты.

— Мен де осы білім ордасын 2011 жылы бітірген едім. Міне, содан бері ауылдамын. Ешқандай нәрседен мұқтаж



Арқалық — мақтаныш, АРҚМПИ — жұбаныш

Әр ЖОО өз алдына биік...

Мектеп бітіріп, бала күнімізден бері армандаған мамандығымызға түсіп, әдебиеттану саласына табан тіресек, оның өзі — Арқалық шаһарынан басталған еді... Міне, содан бері зулап күндер, сырғанап айлар өте шықты. Біз, есейдік. Енді қоштасудың сәл-ақ алдында тұрмыз. Осы Торғай өлкесіне келгеннен бері не істедік? Қандай игілікті іс атқардық? Азаматтық қандай көмек көрсеттік? Арқалық бізге не берді? Осы иірілген сұрақтарға жауап іздеп көрейік...

Біріншіден, біз, қатардағы студент болмадық. 1 курсқа қабылданғаннан-ақ, Айбек Қалиев жетекшілік ететін Міржақып Дулатұлы атындағы әдеби-мәдени бірлестікке мүше болып, араға екі ай салып, «Қаламгер-Азамат» жас тілшілер клубының жетекшісі болсам, 2- семестрде басшылық құрамның жауапты хатшысы қызметіне кірістім. Қазақстан Студенттер Альянсының белсендісі де, көшбасшысы да болғанбыз. «Ақиқат» пікірталас үйірмесінің спикері де болып көрдім.

2- курсқа келгелі көптеген қызықтарды бастан өткердік. Бұл жыл — біздің жұлдызды жылымыз еді... Институт президенті, Міржақып Дулатұлы атындағы бірлестіктің төрағасы секілді жоғары лауазымды қызметтерге тағайындалдық. Тележурналистика саласына келдік. «Парасат» токшоуын ашып, қаланың өзекті мәселелерін көтеріп, кейбір түйткіл дүниелерді шешуге тырысыппыз. (Мысалы, «Омка» базарының атауы, көшедегі жаңадан орнатылған жарық бағандары мен орындықтар, жаңа ғимараттардың көрінісі) Ақ «Ұлағат» танымдық телебағдарламасынан ұлт жанашырларын сөйлеттік. (Айбек Қалиев, Шөптібай Байділдиндермен болған сұхбаттар өте тартымды шықты). Өттең, барлық телебағдарламаларымыздың ғұмыры қысқа болды.

«Шамшырақ» атты студент жастар басылымының қайта шығуына атсалысып, мұрындық болдық. Сол басылымға жетекшілік еттік. Өзімізден кіші студенттердің шығармашылығын насихаттауға, оларға ағалық көмек көрсетуге тартынбай, журналистік һәм жазушылық жолда өз сүрлеулерін табуға бағыт берген едік... Кітапсүйер, әдебиетсүйер жастардың басын қосып, «Жансуар» оқырмандар клубын құрып, антикафе аясында шай іше отырып, кітап оқып, кітаппен жанымызды суардық. Бұның бәрі — әдебиетке, руханиятқа деген адалдық еді...

Екіншіден, 2-курс студенті кезімізде, сол кездегі шаһар басшысы болған шын мәніндегі ұлт жанашыры, тіл жанашыры, ұлтжанды азамат Берік Әбдіғалиұлының зиялы азаматтармен кездесуіне қатысқан ең жас кішісі де біз едік. Сол кездесу барысында Өзбекәлі Жәнібеков, Сейіт Кенжеахметұлы, Төкен Елтебаев секілді Торғай өңірінің мақтанышына айналған тұлғалар тұрған үйге ескерткіш тақта орнату жөнінде қала әкіміне ұсыныс айтқан едік, сол



мінезін, сәбидің суретінен періште күлкісін, көбелектің қанатынан нәзіктікті көргендей болдық. Жас талаптарға риза болған Қостанайдың белгілі суретшілері Николай Торшев пен Светлана Шелунова өнер өрісінде сәтті қадам тіледі.

— Наурызға арнаған көрме — өнердегі алғашқы қадамдарың. Наурыз, көктем суретші үшін таусылмайтын тақырып, бояулар гаммасы, бояу тіліндегі философия. Суретшілік өнердің еңбектен тұратынын ұмытпаңдар. Еңбек ғана шабыт шақырады. Көктемдерің құтты болсын! — деді суретші Николай Торшев.

Көрмеге студенттердің кескіндеме және графика жанрындағы 54 жұмысы ілінді. Әр сурет көрерменге көктем лебіндей жылылық сыйлады.

Айханым АМАНГЕЛДІ


«Көктемгі вернисаж» бұлақтары көзін ашады

Табиғат бусанып жатыр. Терістіктен алтын күрек жел есті. Ақпанның қаһарлы аязын жеңген көктемнің желі зәһерсіз, жүзінді жібек орамал сипап өткендей болады. Қар көбесі сөгіліп, «жылғалардан су ақты, қаңқыл-қаңқыл қаз келді». Ағаш діңіне нәр жүгірді. Ұзақ қарға талдың басына былтыр салған ұясын адаспай тапқан секілді. Жаңа тірлік бастауға бәтуаласқандай, ұя салған ағаштың үстімен тобымен ұшып-қонады. Сайрауық сары шымшық ағаштың ұшар басына шығып сайрағанда төңіректі жаңғыртады. Табиғат ана көктемнің келгеніне хабаршы шапқызғандай, бір уыс құстың дауысы, жердің үстін сергітіп, зеңгір көк аспанға сіңіп жатқандай. Көктен күн нұрын төгіп, Самарқанның көк тасы еріген Наурыздың осындай суреті әр жанарда тұрып қалғандай, жанның бәрі сергек.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының студенттері – жас суретшілер Қостанай көркемсурет галереясы ұйымдастырған өздерінің «Көктемгі вернисаж» аты тырнақалды көрмесін Наурызға арнады. Білім ордасының Тарих және өнер факультеті Өнер кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан суретшілер одағының мүшесі Әнуар Сәпиев көрменің ашылу салтанатында қылқалам ұстаған әр талап көктемді өз көзімен көретінін айтты. Ұстаз пікірін шәкірттері де де ұштай түсті.

– Көктем бар тіршіліктің

дүр етіп оянатын кезі. Қайың бүршігінен, сылдырап аққан қар суынан, жыл құсының сайрауынан табиғаттың үр тазалығын сезінеміз. Жүреkte оянған мейірім-шапағат, таза сезім, иман да адам жанының көктемі тәрізді. Салған шығармадан сондай бір шынайылық сезіліп тұрса, суретшінің жеңісі де сол емес пе?! Әр қылқалам көктемін іздейді, – дейді студент Сәния Мұсабекова. Студент суретшілер өз тырнақалды шығармаларында осыған талпыныпты. Көрмедегі құрбының портретінен бойжеткеннің әдемі



емеспін. Баспаналы болу әр жас үшін өте маңызды. Ауылдан ешқайда да барғым келмейді, – деді Жанар. Слетке қатысушы студенттер қазірден бастап, ауылға баратындарын мәлімдеді. Соның бірі Жәнібек Жәкенов институтқа облыс орталығынан шалғайда жатқан Қамысты ауданынан келіп түскен болатын.

– Мен Қамысты ауданына қайта барамын. Туған ауылымды жақсы көремін. Ауылға барса адасатындай көрінетіндерге менің жауабым даяр. Барлығымыз да ауылдан шықтық. Мен ауыл мектебін бітіріп келіп, институттың шет тілдері факультетіне түскенмін. Ешкімнен кейін қалғаным жоқ, сапалы білім алдым. Елбасымыз үш тұғырлы тілді білуді міндеттеп отыр. Еліміздің дамуы үшін болашақ мамандар қазақ, орыс тілімен қатар ағылшын тілін меңгеруі қажеттігін айтып келеді. Мен Елбасының осы саясатына өз ісіммен үлес қосатын боламын. Ауыл балаларын көп тіл білетін, толерантты, зиялы, бәсекеге қабілетті етіп тәрбиелеуді мақсат тұтып отырмын, – деді институтты биыл бітіретін студент Жәнібек Жәкенов.


Слетке келгендер «Ди-

пломмен – ауылға!» бағдарламасын мемлекеттің жастарға үлкен қамқорлығы, жастар саясатының дұрыстығының нәтижесі екенін тілге тиек етті. Қостанай мемлекеттік педагогикалық институт жыл сайын ауылға жүздеген түлектерді шығарып салады.

– Қазір ауыл көптеген мамандықтарға мұқтаж екені белгілі. Солардың ең бастысы – мұғалім. «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы бастау алғалы институттан талай түлек жұмыс орнын ауылдан тапты. Қай мамандықта да білімді алдымен мұғалімнен алады. Ауылдың зиялысы да, тірегі де мұғалімдер. Бұл бағдарламаның маңызы өте үлкен, – деді Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты әлеуметтік тәрбие басқармасының бастығы Салтанат Жақаева. Слетке қатысушылар барлық түлектерге үндеу қабылдады. Онда: «Біз Тәуелсіз Қазақстанда туып, ер жетіп, білім алғанымыз үшін бақыттымыз. Біз кемел саясаты дүниежүзінде мойындалып отырған Елбасымыз бар еліміз үшін мақтанамыз! Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанды дамыған отыз елдің қатарына жеткізу жөнінде жоғары мақсат қойып отыр. Ол үшін біз, жастар экономиканың салаларында, ғылым мен білімде зор табыстарға жетуге талпынамыз. Бұл еліміздің гүлденуі мен игілігінің кепілі болады» делінген.

Жастар – еліміздің болашағы, Елбасы жастарға үлкен үміт артады. «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасына қатысушылар да сол үміт үдесінен шығуды мақсат тұтады.

Айым АМАНГЕЛДІ



Жүзден Жүйрік шыққан

Бүгінде халқымыздың әбден толысқан, биік деңгейге көтерілген хас өнері айтысты айтсақ, ауызға Әсия Беркенованың ілінетіні заңды. Ақын Сараның ізін жалғастырған Әсия қазақтың өшіп бара жатқан асыл мұрасын өткен ғасырдың 70-80-жылдарынан бастап, қайта жандандыруға, дамытуға үлкен үлес қосқан топтың өкілі. Өлеңіне мақамы, дауысына домбырасы сай ақын қыздың алмастай кесіп түсетін сөзі тыңдаушысының айызын қандырып, оны топтың ішінде даралай түсетін. Әсия Әйіпқызы бүгінде А.Байтұрсыннов атындағы білім ордасында жастарды өнерге

баулиды. Ол басқаратын «Өнер» студиясы университет қабырғасындағы кішігірім филормония тәрізді. Университеттен білім нәріне сусындап, білдей бір мамандықтың иесі атанатын түлектер Әсия Әйіпқызы басқаратын «Өнер» студиясынан бойындағы талантын ұштап, рухани байып ұшады. Журнал ұжымы халық ақыны Әсия Беркенованы туған күнімен құттықтап, зор денсаулық, бақыт тілейді. Ақынның мерейжас қуанышына ортақтаса отырып, ол туралы ақын Ақылбек Шаяхметтің мақаласы мен Әсия Әйіпқызы қаламынан туған жыр жолдарын оқырман назарына ұсынамыз.

«Қазақта екінің бірі ақын» – деген сөз бар. «Өнер алды қызыл тіл» – деген халқымыздың ақындығы, өлең-сөзге жақындығы ежелден дәлелденген. «Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар» – деген де сол халқымыз. Ақынның да ақыны бар. Әсіресе тойы да, думаны да көбейіп, ақындар айтысының өрісі кеңейіп отырған тұста екі ауыз сөздің басын құрайтын өлеңші мен нағыз ақынның айырмашылығын айыра біліп, қас талантты жете тануымыз қажет. Қостанайлық халық ақыны Әсия Беркенова болса, осы атаққа әбден лайықты ақын, шынында да халық ортасынан шыққан тума талант.

Әсияның ақындық жолы, шығармашылық өмірбаяны менің көз алдымда өтті. Әулікөл мектебінде оқып, орта мектепті бітірерде Құлагерге арналған шығармасын түгелдей өлеңмен жазып шыққанда да Әсия ақындық ауылына ат басын байлармын деп ойламаған болу керек. Бірақ, біраз уақыт кенжелеп қалған айтыс өнері күрт дамып, әсіресе Қостанай секілді орысы көп, қазағы аз жерде айтыс өнерін өркендетуге ерекше ықылас танытқан уақытта Науырзым ауданының Соснов орта мектебінде орыс тілінен сабақ беріп жүрген Әсияның жылдар бойы қоламта астында жатқан жыр шоғы тұтанып, бірте-бірте лапылдап, тұздаған жалынға айналды деп айтуға толық негіз бар секілді.

Айтыс ақынына қажетті ең басты үш қасиет – суырыпсалма ақындық, әншілік қабілет және орындау шеберлігі бір арнада тоғысқан Әсияның өні, сөзінің мәні, айтысының сәні көпшілікті тез арада-ақ баурап алды. Әсия

айтыстарының бұл күнде ұзын саны жүзден асып кеткен шығар. Осы айтыстардың бірде-бірінде ол намысты қолдан берген емес. Қарсыласынан үнемі басым болып отырса да асып-тасқан емес, сөздері қатар өріліп, итжығыс болып жатса да, сасқан емес, өзін-өзі марапаттап, қарсы ақынға орынсыз тиісіп, көрермен көңілін басқан емес. Айтыс мәдениеті дегенде, көбінесе Әсия айтыстарын үлгі қылуға, оның өлеңдерін мысалға келтіруге болар еді. Сондықтан да оны өз жерлестері: «өзіміздің Әсия» – деп мақтан етсе, халық жазушысы Мәриям апа Хакімжанова «Қостанайдың көкжал қызы» – деп, көп жерде тасынбайтын, бірақ, ерегессе, басынан сөз асырмайтын ақынға лайықты баға берген болатын.

Ақын болу үшін ең алдымен ақындық жүрек, ақындық тіл қажет десек, міне, осылардың бәрі Әсияның бойынан табылады. Ең алдымен ел десе елжірейтін ет-жүрегі, халқымыздың қасиеті мен қасіретін ашып айта алатын алмастай өткір тілі бар ақын айтатын жерде тартынбайды, шабыт пырағына бір мініп алса, айтары да сарқылмайды. Жаңалықтың жаршысы, жақсылықтың хабаршысы, игіліктің жанашыры болады.

Қостанай өңірінде халқымыздың аяулы перзенттері Ыбырай Алтынсарин, Спандияр Көбеев, Илияс Омаровтың құрметіне ақындар айтысы ұйымдастырылса, осы айтыстардың жоғары дәрежеде өтуіне Әсияның да қосқан үлесі қомақты. Соңғы уақытта облысымызда мектеп оқушыларының арасында айтыс өнері жандана бастады. Жас талапкерлерді ынталан-

дыру мақсатында Әсия Беркенова атындағы жүлде тағайындалды. Күні ертең Қостанайдың құнарлы топырағында Нұржан мен Омардың інілері, Ақсұлу мен Әсияның сіңілілері қаулап шықпасына кім кепіл?!

Әсия десе, газет оқитын көзі қарақты қария да, теледидар алдында отырған ақ жаулықты ана да ішкен асын жерге қойып, айтысты тамашалауға асығады. Бес жасар бала да қолына домбыра ұстап, Әсияның әуеніне салады. Ақын бақыты дегеніміз осы. Ақын мәртебесі дегеніміз осы.

Әсия үш бала тәрбиелеп өсірген ардақты ана. Балаларының барлығы да жоғарғы оқу орындарында білім алып шықты. Өмірлік жан жолдасы Табылды екеуінің отбасындағы да, мектептегі де ұстаздық жолы, ата-аналық үлгі-өнегесі бір төбе.

Әсияның тапқырлықпен айтылған езу тартқызар сөздері де аз емес. Бірде таныстарының бірі одан: «осы сіздің күйеуіңіз кім болып қызмет істейді?» – деп сұраса керек. Табылды болса сол тұста жұмыс таппай үйде отырған. Әсия бөгелместен: «Күйеуім Әсияның күйеуі болып жұмыс істейді» – деп жауап беріпті.

Еркін ел атанып, ел тізгінін өз қолымызға алған уақытта ақынға артатын міндет те үлкен. Халық мұңы ақын жыры болып өрілетін заманда айтыс ақыны да көкейден суырылып шығар сөзін семсердей ұстауы шарт десек, Әсия осындай заман талабына жауап береді, алдағы уақытта да биіктерден көріне біледі деген ойдамын.

Ақылбек ШАЯХМЕТ

Алғырлар алаңы

Кез келген мемлекеттің болашағы – білімді жастар. Көзі ашық, көкірегі ояу білімді ұрпақ өз Отанының даму жолында аянбай тер төгеді. Қазіргі бой жарыстыратын емес, ой жарыстыратын заманда жалын мен жігерді, ізденіс пен талпынысты талап ететін жастық шақта ел болашағы үшін еңбек ету әркімнің міндеті.

Наурыз айының 17-ші жұлдызында гуманитарлық – әлеуметтік факультетінің, әдістемелік – инновациялық айлығы шеңберінде журналистика мамандығы

бейнероликтерімен бастау алды.

Ойынның 4 кезеңінде алты қатысушыдан құралған әр команда берілген сұрақтарға тура жауап қайтарып, ұпай қорын молайту үшін берер жауаптарын топтап, тиянақты талқылап, ой-елегінен өткізуге тырысып бақты. Журналистика саласына қатысты түрлі сұрақтармен қатар логикалық, ситуациялық сұрақтардан шығу жолдарын қарастырып, қызу талқылады. Тартысты өткен бәсекенің қорытындысы бойынша «Шексіздік» командасы топ



Ақбота
ҚАЛДЫБЕК,
ҚМУ ГӘФ
журналистика
мамандығының
3 курс студенті

студенттері «Білімділер алаңы» атты зияткерлік ойынын өткізді.

Зияткерлік ойынның мақсаты: Студенттердің білімге деген құштарлығын арттыру, қызықтыру арқылы білімін тереңдету, зияткерлік қабілетін дамыту. Сөздік қорларын байыту болып табылады.

Журналистика мамандығының 1-2-3 курс студенттерінің арасынан «Тату», «Руханият» және «Шексіздік» атты үш топ құрылды. Ойын әр топ өз қатысушыларын таныстыру мақсатында түсірілген қызықты

жарып, бірінші орынды иеленді. Екінші орынды сәл төмен ұпай санымен артта қалған «Руханият» тобы еншіледі. Ал, үшінші орынды «Тату» тобы қанағат тұтты.

Көрермен ретінде журналистика кафедрасының оқытушылары мен студенттері қатысты. Ойын соңында медиа-студия меңгерушісі А.Мейрамұлы сөз сөйлеп: «Бұл бастама болашақта өз жалғасын табатынына сенімдімін», – деп ұйымдастырушыларға өз алғысын білдірді.

Генералдың есімі берілді

Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясына мемлекет және қоғам қайраткері, ішкі істер генерал-лейтенанты Шырақбек Қабылбаевтың есімі берілді...

Алаштың аяулы азаматы, мемлекет және қоғам қайраткері, ішкі істер генерал-лейтенанты Шырақбек Қабылбаевтың есімі бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қостанай академиясына берілді.

Бұл Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясы жоғары ведомстволық оқу орнының профессорлық-оқытушылар құрамы, қызметкерлер мен тыңдаушылар үшін қуанышты да ерекше күн. 1931 жылы Семипалатинск педагогикалық техникумына түсіп, оны үздік аяқтайды.

1932 жылы әскерге шақырылып, Алматы қаласына орналасқан қазақ ұлттық атты әскер полкінің құрамында жауынгерлік дайындықтан өтеді. Армия қатарындағы қызметі аяқталысымен Ш. Қабылбаевтың ГПУ - НКВД жүйесіндегі қызметтерге тартылып, арнайы курстарда оқиды.

1934-1938 жылдары ГПУ - НКВД жедел жұмыстарында қызмет атқарған ал 1938—1954 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің аппаратында ұзақ жылдар бойы жауапты қызметте қызмет атқарған. Бұл жерде ол Орталық Комитеті хатшысының көмекшісінен әкімшілік және сауда қаржы органдары бөлімінің меңгерушісіне дейін өзінің еңбек етуінің арқасында жеткен Ш. Қабылбаев қызмет бабында елдің тарихынан мағлұматтар жинаған жан.

Бәрімізге мәлім, 50-ші жылдарының бас кезінде кеңес елдері үшін түбірлі өзгерістер болған жылдар, дәлірек айтқанда, Орталық және жергілікті жерлерде билік пен басқарма жүйесінің кадрлары жаңартылып, әлеуметтік – саясаты жағынан қиын болған.

1954 жылдың тамыз айында Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің шешімі бойынша Ш. Қабылбаев ішкі істер министрі болып тағайындалды. Осы жылдары ішкі істер органдарының жүйесі ең қиын жағдайда еді, өйткені кәсіби мамандар, қызметтік бөлмелер, тұрғындар жетіспеген болатын. Материалдық-техникалық база да төмен болған.

Осындай қиын жылдарда қызмет атқарып, сабырлық танытып, алға мақсаттар мен міндеттер қойып, өзінің күш-жігерлігімен және табандылығымен жұмысқа жұмыла кіріскен қызметкер.

1959 жылы болған Теміртау оқиғасына байланысты Ш. Қабылбаев жазықсыз жазғырылып орнынан босатылады. Бірақ, арада біраз жылдар өткен соң, 1967 жылы ол екінші рет Қазақ КСР Ішкі істер министрі болып тағайындалады.

Ш. Қабылбаевтың басқару кезінде алғаш рет күрделі құрылыс басқармасы құрылды, жеке өндірістік база және мердігерлік құрылыс ұйымдары пайда болды. Автокөлік жол құрылыстары белсенді жұмыс жүргізді. ІІМ тас



жол құрылысы бойынша арнайы басқарма базасында Қазақстанның министрлік автокөлік жолы құрылған.

Ш. Қабылбаев өзіне тән қайраттылығымен, ашықтығымен сол уақытта милицияда қызмет атқарып жатқан қызметкерлердің жалақысын көтеруге, жаңа нысанды киім-кешек енгізуге және милиция қызметкерлерінің беделін жоғарылатуға, әлеуметтік қамтамасыз етуін жақсартуға тырысты.

Сондай-ақ, Ш. Қабылбаев 60-қа жуық түзету-еңбек колонияларында ұсталынған сотталғандарды еңбекпен тәрбиелеу арқылы оларды тура жолға қою міндетін де жемісті шешіп, сотталғандарға орта білім мен мамандық алуына мүмкіндік берді.

Осындай адамгершілік қасиеттері мол, білімді, қайраттылығымен, табандылығымен қиын жағдайларда алға қойған мақсаттары мен міндеттерін жемісті орындап, өзін нағыз басшы екендігін мойындады. Ол тек қана адал, тәртіпті, өзіне және бағынысындағыларға талап қоятын, әділ де қамқор басшы ретінде көріне білді.

Шығармашылық жағынан да, Ш. Қабылбаев қазақ және орыстың классикалық әдебиетін тамаша білген, өзінің танымал жерлесі Абайды құмарта оқыған, ол көптеген қазақтың жазушыларымен басқа да шығармашыл қызметкерлермен де дос болған.

Сондай-ақ, сол уақыттың өзінде Ш. Қабылбаевтың мақалалары – «Синие шинели», «Преступления могло не быть», «Особое назначение», «Бессонный патруль» әрқайсысы 300-400 мың данамен басылып шыққан.

Қызметін адал орындап, еңбекқорлығының арқасында Лениң Еңбек Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталды. Қазақ КСР Жоғары Советінің Құрмет грамотасымен, «КСРО ІІМ құрметті қызметкер» белгісімен марапатталған азамат.

Ш. Қабылбаев 1976 жылы 5 шілдеде дүниеден өтті. Ш. Қ. Қабылбаевтың қызметін және оның ішкі істер органдары саласындағы мемлекеттік және кадрлық саясатын жетілдіруге қосқан үлесін ескере отырып, 2014 жылғы 9 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1287 Қаулысымен және мәңгі есте қалдыру мақсатында Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясына Ш. Қабылбаевтың құрметті есімі берілді.

Оның өмірлік жолы, Отанға адал қызмет етуі ІІО болашақ ұрпақтары үшін жақсы үлгі болады, ал кәсіби тәжірибесі мен нақты істері Қазақстанның құқықтық және демократиялық даму барысында алға қойған мақсаттары мен міндеттерін орындауда қажет деп есептеймін. Сондай-ақ, мемлекет және қоғам қайраткері, ішкі істер генерал-лейтенанты Шырақбек Қабылбайұлы Қабылбаев атамызға ұқсап, генерал болуды әр қызметкер армандайды.

Бүгінгі таңда, Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясында тәрбиеленіп, білім нәрін алып жатқан әр тыңдаушы, дәлірек айтқанда профессорлық – оқытушылар құрамы, қызметкерлер, болашақ офицерлер отаны, туған жері үшін, қызметтік борыштарын мұлтіксіз орындап, ұлағатты адамның іс-тәжірибесін үлгі – өнеге ретінде тануы қажет.

**Орынбасар УАҚПАЕВА,
ҚР ІІМ Қостанай академиясының,
баспасөз қызметі**



Әсия БЕРКЕНОВА

Қос кемпір

Биіктетіп әр пенденің тұлғасын,
Қайтара ма өмір сіре сыйға – сый.
Ауылымда тұрып еді қос ана-
Абысындар Шәрипа мен Күлғаси.

Балауса едік, бәйшешектей өскен кіл,
Сол бір кезең кетпейді әлі естен бір.
Екі ана – бір шаңырақ иесі,
Ауылдастар атап кеткен «қос кемпір».

Жас кезінде болған олар тал мүсің,
Қос тағдырға қанды соғыс салды ізін.
Босағаны қапты екеуі күзетіп,
Қан майданға аттандырып жалғызын.

Бақыт емес баста жастық жайлылық.
Соғыс бітіп, жапырағын жайды үміт.
Жолын тосып ортақ ұлдың қос ана
Күрсінетін, хабар күтіп, қайғырып.

Күтуменен айлар өтіп, жыл үдеп,
Үміт жібін жалғап олар жүріп ед.
Қос анада, қос жүректе – бір тілек,
Сұрамаймыз қайсысының ұлы деп.

Біз еркелеп бара қалсақ үйіне,
Қалған емес қабақтары түйіле.
Сары қағазға орап –буып жиналған
Бумалар –тын үйдегі бар дүние.

Естелік боп құйылатын жыр да ағын.

Сарқағаздың білмеуші едік сырларын.
Шешсе екен деп ойлайтынбыз барғанда,
Білгіміз кеп бумалардың «жұмбағын».

Келеді деп тосуменен құлының,
Ұмытыпты санын өткен жылының.
Кейін білдік: буып-түйіп жиналған
Киімдері екен жалғыз ұлының.

Қос анада жоқ ед қабақ түйіспек.
(Тек мінезбен қойған Тәңір сый істеп.)
Ұзақ түндер жатады екен қос ана,
Жалғыз ұлдың жейделерін иіскеп.

Жалғызына садақа деп жанын мың,
Өртегенмен оты қайғы-жалынның,
Боздағының киімдерін қағатын,
Мерекесі жақындаса мамырдың.

Қайғы –мұңға жүргенімен төзіп –ақ,
Қонбай қойды іздеп келіп өзі бақ.
Бәсіресі дейтін еді жалғыздың,
Малы төлдеп, өссе бұзау, қозы-лақ.

Жеке бағып семіртетін тоймалды,
Іріктейтін ірі семіз қойларды.
Сүйіншілеп бірақ ешкім келмеді
Жеңіс күні қаншама жыл тойланды!

Өзгерді өмір, ауылда көп «келімсек»,
Мазақтайтын көздеріне көріңсек.
Жалғыз ұлдың құрдастары өке боп,
Інілері әкеп жатты келіншек.

Пенде жүрер тағдыр тосқан ізбенен
Жандарына жалғыз медет іздеген,
Дүниеден өтті солай «қос кемпір»
Ұлы күннен үміттерін үзбеген.

P. S.
Бейбіт күнмен арайланды таң нұры,
Ұрпақтардың ұлағат боп ән- жыры.
Келмесін тек еш ананың басына
«Қос кемпірдің» -қос ананың тағдыры.

Сыған тағдыр

Әбду ата текті туған нәсілі,
Тек еңбекпен келген терген нәсібі.
Батыс жақтан келе жақтан поезды
Қарсы алу –күнделікті кәсібі.

Соқсадағы алмай бір сәт жел тыным,
Орны сіре толар –ау деп олқының,
Бүгін тағы стансаға келді қарт,

Арбасына отырғызып кемпірін.

Болмаса да үйі құраң-қараңсыз,
Күн кешпеген Әбду ата алаңсыз.
Әскер –міндет сұм соғысқа ұласып,
Тұңғыш ұлы Сатхан кеткен хабарсыз.

...Ыңғайлысы-стансаның жақыны.
Селт еткізген қартты дауыс жат үні.
«Кел қария, бал ашайың,»-деді кеп,
Көзі-көмір бір сығанның қатыны.

Қасында тұр балауса қыз тұлымды.
Абдыраған Әбду ата бұрылды.
«Көрсетіп тұр алақаның мінеки,
Күтіп жүрсің алыстағы ұлыңды.

Үйіңе бар, тойға сояр қой ізден,
Санаң, қария, адаспаған ой-ізден.
Міне, ұлың келгелі тұр үйіңе,
Келіп қалар, нәті, ертеңгі поезбен».

Аямай- ақ қарттың сақал, ақ шөшін,
Қағып алды барлы –жоқты ақшасын.
Қуаныштан екі қолы дірілдеп,
Әбду әке сипай берді шақшасын.

...Жүйрік ойлар бір-бірімен жарысқан.
Қуанышқа не жетеді табысқан.
Поезд келді дүрсілдеген кеудесі,
Көз салып тұр Әбду әке алыстан.

Қарай –қарай сол поезға көз талды.
Үкі –үміт барлық ойдан озған –ды.
Біреу түсіп, бөз біреулер отырып,
Қара жорға поезд тағы қозғалды.

Ойшыл жанның ұзақ болар түні тым.
Қайтармайды тәтті ұйқыны ұры түн.
Мұңға батып оралса да вокзалдан,
Ереңіне жалғайтын қарт үмітін.

Ұзақ жылдар күтіп атар ақ таңын,
Көкірегің зілдей басқан шақта мұң,
Өзін-өзі жұбататын күбірлеп,
«Нәті ертең келеді,»-деп Сатханын.

Ырым қылып жақсы сөздің жүйесін,
Үміт қиял торлайтынды жиі есін.
Жиырма төрт жыл кеп жүріпті поезға
Әбду әке жегіп алып түйесін.

Жұбатса да дос-жараны, жақыны
Тірліктің де қалмаған еш татымы,
Көз жұмғанша Әбду қартты алдады
Тайқы тағдыр... бейне сыған қатыны...

«Тарихшы ел мүддесін ойлауы тиіс»

дейді тарих ғылымдарының докторы, профессор Аманжол Күзембайұлы

Әріптестері мен шәкірттері наурыз айында тарихшы ғалым Аманжол Күзембайұлының 70 жасқа толу мерейтойын атап өтті. Осыған орай журнал тілшісі ұстаз ғалыммен әңгімелескен еді.

– Аманжол аға, жастар өзіңіздің өмірде, ғылымда қалыптасу жолыңызды білгісі келеді.

– Біз соғыс жылдары туған ұрпақпыз. Мен соғыс аяқталуға бір-екі ай қалғанда дүниеге келіппін. Әкем соғыстан жаралы болып оралған, аяғын сылтып басатын. Біздің жалаңаяқ балалығымыз титықтаған тұрмысы ауыр ауылда өтті. Көп балалы отбасында өстім, тұрмыстың жұтаңдығы бала екенімді де ұмыттырғандай еді, ата-анам жұмыста болады, мен үйдің тірлігін тап-тұйнақтай етіп атқарар едім, өзімнен кейінгі іні-қарындастарыма қарадым. Меңдіғара ауданындағы Ұзынағаш деген ауылда жеті жылдық мектепті бітірген соң, Қостанай қаласындағы Ыбырай Алтынсарин іргесін қалаған мектеп-интернатқа қабылдандым. Сегізінші сыныпқа қабылданған 80 баладан 40 оқушы ғана 11 сыныпты бітірдік. Есесіне осы 40 баланың кейін екеуі ғылым докторы, төртеуі ғылым кандидаты атанды. Инженер, мұғалім, дәрігер мамандығын алған мектеп түлектері ел абыройына ие болды.

Мектеп бізге жақсы білім берді. Мен бала кезімнен тарихшы болуды, ғылым қууды армандадым. Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің Тарих факультетіне түстім. Студент кезден бастап ізденіп, қазақ антропологиясымен, археологиясымен, көне тарихымен айналыстым, ғылыми конференцияларға қатысып жүрдім, ғылыми тырнақалды еңбектерім жүлдеге де ие болды.

Менің ғылымға талпыныс жолымда атақты антрополог, дүниежүзі тарихының білгірі Оразақ Смағұловтың, әйгілі тарихшы ғалым, академик Манаш Қозыбаевтың ықпалы зор болды. Студент кезімде Оразақ Смағұловтың экспедициясына қатыстым. Ол кісінің ғылыми қызықты әңгімелерін таңды таңға ұрып тыңдайтын едік.

Университетті бітіргеннен кейін Қарағанды педагогикалық институтына қызметке келдім. Ол кейін университет болды. Сол білім ордасында мен 25 жыл ұстаздық еттім, ғылыми жұмыспен айналыстым. Қоғамдық белсенді жылдарым да сол жерде өтті. Қатардағы оқытушыдан профессор дәрежесіне дейін көтерілдім. 12 жыл кафедра меңгердім, 17 жыл біріккен археология-этнография экспедициясын басқардым. Жоғарғы білікті тарихшы-мамандарды дайындауға та салыстым. Менің оқушыларымның ішінде 8 ғылым докторы, 30 –дан аса ғылым кандидаттары бар.

– 1986 жылғы жастардың Желтоқсан көтерілісі қоғамдағы рухани сананы сілкіді. Содан көп ұзамай еліміз Тәуелсіздігін алды. Сол жылдары Қазақстанның тарихына жаңа көзқараспен қарау



керек деген мәселені алғаш көтерген ғалымның бірісіз. Осы жөнінде айтып кетсеңіз.

– Кеңес Одағы кезінде біздің халықтың, мемлекеттің тарихын оқытатын оқулықтың ар жағынан күн көрінетін. Қазақстан тарихы коммунистік партия саясаты тұрғысынан жазылды, яғни жалған тарих болды. Ол тарихтың айтуы бойынша қазақ деген халықтың мәдени мұрасы жоқ, мемлекеті жоқ, партияның арқасында қалқып жүрген біреу болды. Осының барлығын түземеу болашақ алдындағы күнә болатын еді. Біздің ғалымдар осыған кірісті. Қазақ халқының мемлекеттігінің де, мәдениетінің де тамыры тереңде жатыр. Тәуелсіздік жылдары ресми деректер бойынша шетелдерден қазақ тарихына қатысты 5000 данаға жуық көшірмелер әкелінді. Оның әрқайсысы мол ғылыми дерек береді.

Халқымыз тарихын жаңа көзқараспен қайта қарау мәселесімен бірге көптеген проблемалар бас көтерді. Алдымен жас ұрпаққа осы тарих пәнін дұрыс оқыту, шынайы тарихты жастарға жеткізу керек болды. Сондықтан мен «Қазақстан в древности» атты оқулық жаздым. Бұл тарихшылар арасында үлкен табысқа ие болды, оны республика мектептері сұратып алып, пайдаланды. Ол кейін кеңейтіліп, жоғары оқу орындары студенттеріне арналып, оқулық ретінде оншақты рет басылып шықты. Желтоқсан көтерілісінен кейін отаншылдық рухы оянған азаматтар халқымыз тарихын білуге құмартты. Бірақ кез келген адам талғамсыз, біліксіз, тіпті білімсіз тарих жазуға әуестенді. Бұл шата-

Мен атамды мақтан тұтамын!

Жеңіс... Аңсап жеткен, Ұлы Жеңіс! Иә, оны миллиондаған адамдар төрт жыл бойы минуттап, сағаттап сарыла күтті. Бірақ, ол жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Бұл жолда Отан үшін от кешкен сан мыңдаған азаматтар мерт болды. Олардың бойындағы отаншылдық сезімі, қолына қару алып сапқа тұрғызды. Міне, осынау елімізге сергелдең салған алапаттың жеңіспен аяқталғанына биыл 70 жыл толып отыр.

Қан майданда мерт болған ерлердің рухына, бүгін арамызда биік шыңдай болып жүрген аталарымызға басымызды иіп тағзым етуіміз керек. Олардың саны күннен – күнге азаюда. Студенттеріміз «Сындарлы шақтарда серттен таймай, ер азаматқа сай қажыр-қайрат көрсетіп, көпшіліктің құрметіне бөленген, бүгіндері қатары сиреген соғыс және еңбек ардагерлерінің бірі - менің атам» деп сыр шертеді.

Балбөпе Елеубаева: - Аз демалысымды пайдаланып ауы-



лыма барып тұрамын. «Балапан қанат қағып, ұядан ұшты деген осы» деп атам барған сайын айтып отырады. Атамның есімі Қаппас Елеубаев жасы 88-ге келді. Соғыс уақытында дүниеге келген атам анасынан ерте айрылып, әкесінің қолында өскен. Бала күнінде көрмеген қиындығы

көп. Соғыстың қаралы күндерін бізге айтып отырады. Еркелеп, мойнына асылып, ойнағым келеді. Бірақ, қазір бұрынғыдай денсаулық қайда, керісінше ол менің көмегіме мұқтаж. Өмірдің түрлі ауыртпашылықтарын көрген атам, өзінің намысқойлығы мен еңбекқорлығының арқасында мойымай осы күнге жетіп отыр. Мен атамды мақтан тұтамын!

Асыл Жақыпбекова: - Менің атамның есімі Қамар Тілеулин.



Ол кісі 1938 жылы дүниеге келген. Айыртау ауданы Сарсай ауылында 9 жастан бастап тыл жұмыстарына қатысқан. Осы ерең еңбегіне мен өмір бойы риза болып өтемін. Атам мен үшін әлемдегі ең қымбат жан. Мен онымен мақтанамын.

Ақерке Қуаныш: - Атам – менің мақтанышым... Атамның



есімі Қуаныш Қасымов. Мен атамның көзін көрген кісілерден,

ол кісінің адамгершілігі мол, өзгелерге шынайы қамқорлық көрсеткенін, ерекше мейірімді және өте еңбекқор адам болғанын естігенде жүрегімді мақтаныш сезімі көрнейді. Мұндай кісінің немересі болғандықтан менің жаман адам болуға ешқандай қақым жоқ!

Ақбота Сақұлова: - Тұяқ



Сақұлов 1936 жылы 18 ақпанда Қостанай облысы, Аманкелді ауданы, Байғабыл ауылында дүниеге келген. Сол өзі өсіп-өнген жерінде 40 жыл тылда қызмет етті. Атам қоғамдық мал азығының қорын жасауға белсене атсалысқан. «Балауса» бөлімшесіне қажетті табиғи пішенді тайлау жұмысында көзге түсіп, озат механизатор атағын алған. Талай жыл тылда қызмет етіп, елі үшін аянбай тер төккен атамды мен мақтан тұтамын. Ол бүгінде қызметінің жемісін көріп отырған ардақты әке, данагөй ата. Жасаған қызметін елеп-ескеріп жатқан елбасына да алғысым шексіз.

«Ер есімі - ел есінде», – дейді дана халқымыз. Отаның, жерің, елін қорғауда ерлік көрсеткен ардагерлеріміз жас ұрпаққа мәңгілік үлгі-өнеге болып қалмақ. Ешкім де, ешқашан да ұмытылмақ емес.

Дайындаған Арайлым ҚҰЛТАЕВА,
ҚМУ ГӘФ журналистика
мамандығының 1 курс студенті

Боюу болектеу «Сары дөңгерттеу» тұсауу кесілді

Қостанай қаласындағы Л.Толстой атындағы әмбебап кітапханада журналист Абылай Маудановтың «Сары дөңгерттеу» деп аталатын тұңғыш өлеңдер кітабының тұсаукесері өтті. Оған А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде оқып жүргендегі ұстазы, қазір әріптесі ақын Нұрқанат Құлабаев «Сары дөңгерттеу» деген атты лайық көріпті. Оның сөзін осы кітапқа жазған алғы сөзінде айтады: Білім ордасын сырттай оқытын Абылай студенттер арасында өтетін мүшайраға қатысу үшін өлеңдері жазылған сары дөңгерттеу топ старостасынан ұстазына беріп жібереді. «Сары дөңгерттеу парақтай бастадым:

«Тыраулады тарналар...

Тізді нала,

Құбыланы бұлт жапты қызғыл ала.

Көрпе астында жылаған жетім қыздай,

Сібірлейді білдіртпей күзгі дала.

Сұр тұманмен тұншыққан төңірегі,


Иен далада ессіз жел еңіреді.

Ажал күткен жаралы жауынгердей,

Аспан ғана болымсыз демігеді». Студенттердің өлеңдерін мүшайраға іріктеп отырып, сары дөңгерттеу оқығанда қуанғаннан айқайлап жібергенін жасырмайды ақын. «Ақын таптым!» дейді. «Сары дөңгерттеу» аталған жинақты атына қарап, таңдана қолға алған оқырман да Нұрқанат бауырымыздан кем қуанбасы анық. «Сары дөңгерттеу» оқып отырып, Қостанай-Торғайдың құнарлы топырағы азбаған екен. Қазақ тілінің құнарына құныға шөлдеген оқырман осыған қуанады. Абылайдың ақын ағасы Ақылбек Шаяхмет: «Абылайда Кеңшілік ағасының шұрайлы тілі, Серік ағасының ойлары, Сейіт ағасының қызылды қалжыңдары бар» деді тұсаукесерде. «Абылай Торғай топырағында туған Кеңшілік Мырзабеков, Серік Тұрғынбеков, Сейіт Кеңжахметовтердің жарасымды жалғасы» дегені деп түсіндік. Абылай өзінің шығармашылығына арналған кешті «Көкалатым – киелім» деп атады. Осы Көкалаттың айналасынан Төлен Әбдіков, Қойшығара Салғарин, Қонысбай Әбіл түлеп ұшқан еді. «Ұлыдан қалған сөздердің, ұйқасын іздеп жүр дерсің» деп ақын Күләш Ахметова жазғандай, халқымыздың ғылым-біліміне, әдебиеті мен мәдениетіне, рухани қазынасына Торғай даласынан Ахмет Байтұрсыновтан арғы жерде де, бері қарай да сала-сала болып құйылар бұлақ аз емес.

Кітаптың тұсаукесер кешінде авторға айтылар тілек те көп болды.

– Абылай – ақын. Абылай бақытын лирикадан іздеуі тиіс, – деді Серікбай Оспанов ағасы. Осы кезге дейін Абылай Маудановтың бірнеше жас ақындар жинағына өлеңдері енді. Жергілікті жерде өтіп жататын жыр сайыстарын айтпағанда, республикалық «Бір өлең – бір өлем» республикалық мүшайрасында үшінші орынды, «Шабыт» жастар фестивалі аясында өткен



жыр бәйгесінде бас жүлдені жеңіп алған болатын. Осы жыр бәйгесіндегі қазылар алқасының басында қазақ поэзиясының патшайымы Фариза Оңғарсынова отырып, оған сәттілік тілеуі Абылайдың ақындығына тағдыр таразысындай еді.

«Жұтаңдығы елдің етіне сіңген,

Ал, көлі сордың бетіне сіңген.

Жылап ағатын жылаңқы өзені

Жылан секілді жеті кесілген» деп туған жері – жерұйығы – сары даласының суретін жырымен сызғанда да, адалдықты, тазалықты аңсар өлеңдерінде де сары тап сағыныш жататындай. Кітапты парақтаған оқырман оның атымен де келіскендей болады. Болса болсын «Сары дөңгерттеу».

Мәдина ҚОҚАЕВА

стыратын, жас ұрпақты адастыратын бағыт еді. Осындай жағдай тарихшы ғалымдар алдына үлкен міндет қойды.

– Қазақстан тарихының жазылуында, оқытылуында бүгінде қандай проблемалар бар?

Тарих та, тарихшы да ел, мемлекет мүддесін ойлауы тиіс. 2011 жылы «Тәуелсіз Қазақстан мемлекеттілігі: қалыптасуы мен даму көкжиегі» атты Қазақстан тарихшыларының бірінші құрылтайы өтті. Бұл тұңғыш ұйымдастырылған құрылтайдың мақсаты—қазақ тарихы ғылымын жаңаша зерделеу болатын. Қазақстанның тәуелсіздікке қол жеткізуі тарих ғылымын бұғаудан босатты. Елбасымыздың өткен жылы Ұлытаудағы кездесуінде қазақ тарихына қайта оралуы тегін емес.

Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өту тек той емес, алыс –жақын шетелдерге мемлекетшілдік дәстүріміздің тереңде жатқандығын жете білдіру болмақ. Бұл орайда аса мол жұмыстар жүріп жатыр. Дегенмен, тарихты зерттеуде, оқытуда көңіл ортайтар кемшін тұстар жоқ емес. Ол кемшілік жарық көрген ғылыми шығармалар авторларының теориялық дайындығының төмендігінде дер едім. Кеңес дәуірінен бізге жеткен тарих ғылымындағы теориялық зерттеулер толығымен философ ғалымдардың еншісінде болғаны белгілі. Бүгінде «тарихи материализм» деп аталатын философия ғылымының бір тарауы мүлде ескерілмей қалған. Оның орнына оқу бағдарламасына енген «саясаттану», «мәдениеттану», «әлеуметтану» пәндерінің өз мақсаттары бар.

Ағылшынның белгілі ғалымы Эдварт Галетт Карр: «...многие современные историки мертвы в ввиду того, что у них нет теории. Но теория, которой им не хватает, есть теория истории, а не какая либо посторонняя теория» деп жазған болатын. Мұны қазақ тарихшы ғалымдары да қолдайды. Ғалым Қамбар Атабаевтың: «Қазақстан тарих ғылымының міндеті, функциясы не болуы керек? Алдымен осыны анықтап алуымыз қажет. Қазақстан тарихы ғылымының міндеті қазақ ұлтының тарихын зерттеу болуы тиіс» деген сөзімен қалай келіспейсің?

Қазақстан тарихын жазу қандай міндет болса, оны жас ұрпаққа жеткізу, оқытудың маңызы одан бір де кем емес. Біздің ойымызша, жоғары оқу орындарының тарих факультетіндегі оқу үдерісі «Тарих ғылымының теориясы және методологиясы» деп аталатын пәннен басталуы қажет. Өйткені осы ғылымды түсінбей тарих деп аталатын сан қырлы, әр салалы, мұхиттай шалқар, асқардай биік, данышпандық пен білгірліктің көзі, XIX ғасырдың орта шенінде «ғылымдар патшасы» атанған білім саласын толық меңгеру мүмкін емес.

– Осы олқылықтың орнын толтыру үшін қандай да бір әрекет бар ма?

– Бар. Алайда бұл мысқалдап жүзеге асатын шаруа. Біз қазір Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының тарих факультетінде 2004-2005 оқу жылынан бастап, Ғылыми кеңес шешімімен «Тарих ғылымының теориясы және әдістемесі» атты пәнін жүргізе бастадық. Кафедра бұл орайда біраз тәжірибе жинақтады. Осы пән бойынша

оқу құралдары жарық көрді. Пәннің қажеттілігі жөнінде конференцияларда баяндадық, мақалалар жарияладық

– Тарих ғылымында пікірталас нысаны болатын, таласты тақырыптарға сіздің түйінді пікірлеріңізді білгіміз келеді.

– Біріншіден, қазақ халқының тарихына тығыз байланысты, бірақ қазір Қазақстан шекарасынан тыс қалған аймақтардың тарихы ғалымдар назарына ілікпей отыр. Мысалы, Сібір хандығының тарихын көптеген қазақ тарихшылары мойындамайды. Профессор Мұрат Әбдіров осыдан бірнеше жыл бұрын шағын кітапша жазып, осы проблемаға жұртшылықтың көңілін бұрып еді. Біз де өз тарапымыздан «Казахская Сибирь» деп аталатын кітапша жазған болатынбыз. Шын мәнінде қазақ жерінің солтүстік бөлігі ондаған ғасырлар бойы Сібір (Керей) хандығының құрамында болды. Аталған мемлекеттің тарихы толық зерттелді деп айту қиын.

Екіншіден, қазақ хандарының бірнеше жыл соғысқан Маңғыт (Ноғай) Ордасының тарихы жөнінде де мардымды еңбек жоқ. Ал сол кездегі ноғайлар бүгінгі қазақтың кіші жүзі. Қазақ пен ноғайдың айырылысуы Хасан Сәбитұлын Асан Қайғыға айналдырды. Ұлты ноғай Кочекаев пен Ресей ғалымы Трепавловтың еңбектерінен басқа ештеңе жоқ.

Үшінші түйін, Шибан әулетінің де тарихы жан-жақты зерттелмеген. Олар негіздеген Әбілхайыр басқарған мемлекет «Көшпелі өзбектер хандығы» деп аталды. Орналасқан жері қазіргі Тобыл-Торғай алқабы. Бұл мемлекеттің соңғы басшыларының бірі Мұхаммед Шибани өмірінің соңғы жылдарын Бұхарада өткізді. Оның ақындық өнері де болған. Ол өз шығармаларында өзінің туған жері Торғай даласын «жер жәннатына» теңейді, сағынады, аңсайды. «Менің ұрпақтарым ол жерді енді көрер ме екен?» деп армандайды.

Төртінші, кейбір журналистер, тіпті тарихшылардың өзі Қазақ хандарының соғысқан ұлыстарын жау етіп көрсетеді. Аты аталған үш мемлекеттің тұрғындары да бүгінгі қазақтың ата-бабалары. Өкініштісі, тарихтан хабары жоқ адамдар газет-журнал беттеріне мақала жазады. Соңғы уақытта баспасөз бетінде (әсіресе жергілікті) жарық көрген қазақ хандығына байланысты мақалаларда қателіктер өріп жүр. Осындай шығармалар оқырманның тарихи санасын қалыптастырады. Мұндай мақаланың зияны айтпаса да түсінікті. Тарих еріккеннің ермегі емес. Онымен тек қана мамандар айналысуы керек. Сонда ғана оқырманның дұрыс тарихи санасы қалыптасады. Қазақ тарихын зерттеуде, оны мектепте, жоғары оқу орындарында оқытудың қордаланған мәселелері жетерлік. Оны бір сұхбаттың барысында айтып болу мүмкін емес. «Көш жүре түзеледі» түбі бәрі ретке келер деген үміттеміз.

Сұхбаттасқан Нәзира ЖӘРІМБЕТОВА

Ормандай орыс арасындағы олжа

Көршіміз Ресейдің Челябині облысындағы Нағайбақ ауданын біраз қандастарымыз жайлап отыр. Шашырамай, тұтас тұрып жатқандықтан, осы облыстағы 36 мың қазақтың арасында ұлттық дәстүр-салттың сақталуына да үлес қосып отырған ағайын. Арсланбай ауылын бүкіл Челябині облысы біледі. Өйткені бұл ауылда қазақтан өзге ұлт тұрмайды. Қашаннан «Сексен үй қызыл қазақ» атанған ауыл. Кеңес өкіметі кезінде «қызыл» сөзін қосып айтпаса, құлақтың құрышы қанбайтындай көрінді. Сонда партия Арсланбай ауылында отырған қазақтарға бір ұжымшар құрып, атын «Қызыл қазақ» қойған екен. Содан бері Арсланбаймен бірге, ауылдың «қызыл қазақ» аты да қалмай келеді.

Ақ жайықтың жағасын жайлаған қазақтардың бұл маңға қашан қоныстанғанын бүгінгі ұрпақтары дәл айтып бере алмайды. Қазақ ауыз әдебиетінің інжу-маржаны «Қыз Жібек» эпосының оқиғасы дәл осы маңда өткен. Төлегеннің руын шежіреден тарқатып, Жағалбайлының ішінде Бескүрек деген атадан тарайтынын да үлкендер айтып отырады. Соған қарағанда қандастарымыз оңтүстік Оралдың шұрайлы жеріне жылқы жайғанына талай ғасырлар өткен. Тек империяның күштеуімен қазақтар құнарлы жерден шөлейтке қарай ығыса берген...

Наурыз мерекесін нағайбақтық қандастарымыз жыл сайын атап өтеді. Селоларда тұратын қазақтар, татарлар, башқұрттар жиналып, аудан орталығы Фершампенуаз селосына келіп, ұлттық тағамдардан дастархан жаяды, ұлттық қолөнерін көрсетеді. Ормандай орыстың ішінде жүрсе де, мұндағылар қазақтың ұлттық тағамдарын қастерлейді. Мүшеленіп асылған жылқы еті, бауырсақ, жент, құрт, ірімшік секілді ұлттық тағамдарымыз мерекелік дастархан байлығын асырды. Сонымен қатар, қазақ, татар, нағайбақ, башқұрт әуендері өз Наурыздың әрін келтірді.

Нағайбақ ауданындағы Наурыз мерекесі биыл тағы бір шарамен толыға түсті. Арсланбай ауылының қарт тұрғыны Нүркеш Жапаровтың «Асыл аймақ, құт мекенім, ауылым» атты өлең кітабының тұсаукесері өтті. Аудан басшысы Қайырбек Сейілов кітапты жұртшылыққа таныстырып, авторды құттықтады.

– Ауданымызда, тіпті облыс көлемінде қазақ мәдениетіне қатысты шараның ешқайсысы Нүркеш ағамыздың қатысуынсыз өткен емес. Облыста Нүкең еді ақын деп таниды. Мына кітаптағы Нүрекеннің көбіне әжуа, әзіл-оспаққа құрылған өлеңдерінен өзіміздің ауылдың адамдарын, замандастарымызды көреміз. Туған жерді, ауылды жырлайды. Бұл кітап аудан мәдениетіне қосылған үлес болып отыр, – деді Қайырбек Хакімұлы.

Нүркеш Жапаров ақсақалдың тырнақалды шығарған өлеңдер жинағына жазған алғысөзінде белгілі ақын Ақылбек Шаяхмет: «Нүркеш ақында қазіргі уақытта бірде бір қазақ мектебі түгіл қазақ сыныбы болмаған, қазақ басылымы болмаған қазақ ауылының ұстазы да, театры да жалғыз өзі



деп айтуға болады» деп жазады. Тарихи отаннан жырақ жүрген Нүркешке Ақ жайық өзенінің бойы кір жуып, кіндік кескен, туған жер саналады. Ол туған ауылын емірене өлеңге қосады. Ауылын мақтан ете отырып, елдің қамын да ойлайды. Ақынның адамгершілік, өмір жайында да, айналасынан ұққанын өлеңмен өріп, ой түйіп отырады. «Адамға неге керек балажандық, Бала үшін намыстандық, шала жандық. Өсірдік, өндікдік те қоя бердік, Ал енді сол баладан немене алдық» дейді. Ақын өлеңдерінің барлығы төрт аяғынан тең түсіп тұрған жоқ, кемшіліксіз де емес. Бірақ «орыс арасында отырып, қазақ тілінде жырлайтын ақын – сол ортаның олжасы» деген кітап алғысөзінде айтылған түйінмен келіспеуге болмайды. Тағы бір қызығы, Нүркеш Жапаров өзінің жазған өлеңдерін белгілі бір әннің әуеніне салып айтады. Ол көбіне халық әні «Тобылғы сайдың» әуенін пайдаланады екен. Бұл сырттағы қандастарымыздың арасында сақталып қалған халықтық өнер мұрамыздың бірі деуге болады.

Кітаптың жарық көруіне Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Қостанай облыстық филиалы мен Челябині қаласындағы «Азамат» қазақ ұлттық-мәдени орталығы мұрындық болды. Оған Магнитогорск қаласындағы кәсіпкер қандастарымыз Құрамыс Ноқаев пен Нұрлыбек Борантаев демеушілік жасады.

Суреттерде: Нағайбақ ауданының басшысы Қайырбек Сейілов пен кітап авторы Нүркеш Жапаров, «Асыл аймақ, құт мекенім, ауылым» кітабы.

Нәзира ЖӘРІМБЕТОВА

Жұматай Жақыпбаевты, Серік Ақсұңқарұлын, Есенғали Раушановты, Байбота Серікбаевтарды осы шоғырға қосамын. Ал мен әзірше білмеген, көрмеген жас тұлпарлар қаншама...

Әбділда ТӘЖІБАЕВ.

Жас ақын-жазушылардың республикалық кеңесінде сөйлеген сөзінен үзінді.
«Қазақ әдебиеті», №5. Қарашаның 11-і, 1983 жыл

* * *

Серикбай Оспанов — автор четырех поэтических сборника, стихи Оспанова немногословны, простой, крепки, вдумчивы. Он находится в постоянном поиске. Оттачивает свои стихи, стремятся к подлинному мастерству, чтобы сверкали поэтические краски образов всеми гранями. Это одно стремление обнадёживает читателя.

Пусть в этом пути соопутствует ему ветры вдохновения и творческие удачи.

Сырбай МАУЛЕНОВ, 1979 г.

Серікбай ақын жайлы бір сыр

Қазақ жырына сыпайы мінезімен, сыршыл жүрегімен, сыңғырлаған өлеңімен келіп қосылған Серікбай Оспановқа мен әрдайым ыстық ықыласпен, ағалық мейіріммен қараймын. Оның бойындағы өнердегі ең ұлы қасиет — кісілік, тазалық, кішілік мөлдірлік. Мен оған өзіме сенгендей сенемін. Кейде өзімнен жасыратын сырымды да осы бір ініме жайып салғым келіп тұрады. Өйткені, ол сені де тыңдай алады, өзін де саған сеніп, өзегінің өртін де, көңілінің дертін де сескенбей айтады, ағынан ақтарылады.

Серікбай оннан астам жыр кітабын оқырманына сыйлаған өрелі, өрісті ақын. Оның жырларында туған жерге деген сағыныш, ата-ана, достық, жолдастық, адалдық, махаббат әуендері әсем өріліп, оқырман жүрегіне жол табады. Оның қаламы жорға, қарымды. Көзі қыран көзіндей қиядағыны шалады. Алысты көреді. Өзінің көңіл зердесінде қалып қойған көп жайды шабыттана жырлайды:

«Ұмытам қалай сол шақты,
Еске алам ойлы пішінде.
Кып-қызыл арша ақсатты,
Көремін жиі түсімде.
Жел ұрып, оны күн қағып,
Жұлқыған дауыл боран да.
Еңбекпен өскен тырбанып
Тағдырым менің бар онда»,—

депті Серікбай «Қызыл арша» деген өлеңінде. Иә, біз еңбекпен тырбанып өскен ұрпақпыз. Біз есімізді жинаған кезде әкелеріміз оққа ұшса, сол сирегендердің, соғыста бүкіл жүйесі жұқарғандардың перзенттері бұл — Кеңшілік, бұл — Серік (Тұрғынбеков), бұл Серікбай. Осы үш ақынның үшеуін де топырағынан тұлпарлар ескең, көлінен аққулар көтерілген, бүкіл қазаққа Ахмет Байтұрсыновты, Міржақып Дула-

товты, Нұрхан Ахметбековті, Сырбай Мәуленовті, Фафу Қайырбековті берген Торғайда туған. Мен осы үшеуін де өзіме іштей жақын тарттым. Әсіресе, Серік пен Серікбайды ақындықтары үшін де, көңіл, жан жақындықтары үшін де жақсы көрдім. Серікбай Оспановпен аздаған уақыт қызметті де бірге істедік. Ол жолына да адал. Сөзіне де берік жігіт. Әсем, сұлу жігіттің жан жүрегі де әсем, сұлу. Осыншама алып денелі жігіттің жанының нәзіктігіне қызығамын. Оны оп-оңай өкпелетуге болады. Оны оп-оңай қуантуға болады.

Қасиетсіз адамнан қасиетті сөз шықпайды. Иманы жүрегінде, жиғаны еліне арналған ер-жігіттерден ғана біздің ертеңіміз Үміт күтіп отыр.

Серікбай өлеңдерінің махаббат, мұң жайлы жазылғандары мені ерекше тартады. Өйткені, бұл тақырыпта көп шиырлған кісінің бірі өзіммін. Серікбай сендіріп айтады, сеніп айтады. Кейде тым ашық кететін тұстары да бар. Жүрегің ғашық болмай, ғашықтық жыр жазамын деу ағаттық. Ақ ғашық болу үшін көкірегіңде ақынның жүрегі соғу керек. Ойбай-ау, автобуста бір көрген сұлуды көз алдынан кетіре алмай әуре қылған ақындықтың емі қайда? Емі — жырда. Сондай жырды көп жазса, оған кінәлі Серікбай емес. Серікбайдың тым әсершіл, тым сезімтал жүрегі. «Аман жүріңдерші аса ойшыл, аса қиын ғасырдың мәжнүндері, аман жүріңдерші» - деп айғайлағым келеді ақын інілерімді көргенде. Ақындардың көбінде жолы бола бермейді. Ол байғұстардың соңынан сөз, оңынан көз қадалады. Қайда да ақын кінәлі болатынын көріп те біліп те жүрміз. Бірақ олардың миын қашап, жүрегін тасқа жанып жазған дүниелеріне де аңда-санда болса да бір жылы сөз айтып, айбынын асырып, бақытын тасытып қойғанға не жетсін?!

«Өткен күндерім,
Сендермен сырласамын,
Көптен біргемін,
Қол ұстасып ап
Өзіңмен теріп жүрмін көктем гүлдерін»...

Кімнің басынан өтпеген өмір бұл?! Кімді тебірентпейтін бақыт бұл?! Серікбай өлең ырғағына да өзгеше бір өң беріп, бояу беріп, махаббат жырлары қиялға айналдырып жібереді екен. Естеліктен гөрі, ессіздікке, ақылдылықтан гөрі албырттыққа бастай жөнелетін махаббат әуендерін Серікбай кітабынан қайталап оқып, өз басымнан өткерген шаттық сезімге, албырт күндерге жолыққандай әсерлендім.

Әсем, әсерлі жырларыңмен өз жүрегіңді де, өзгені де жарылқай бер, жалынды, дарынды, алымды, сабырлы жақсы іні, асыл бауыр. Сенімен өлең өлкесінде ұшыраса беруге менің құштар екенімді өзің де білесің. Сенің есейген ер жеткен, ойлы да терең жырларыңды оқуға құштар көңілімді жасыра алмасам, ол да өзіңді жақсы көруден туған сезім болар.

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ,
«Сұхбат», 12 мамыр, 1992 ж., 4-5 бб.

Дайындаған Нұрболат МЕШІТБАЕВ

Қазақ Жыршының Бір Жұлдызы

Ақын, Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты Серікбай Оспанов биыл сәуір айында 70 жасқа толып

көрермендер көңілінен шықты. Ақынның аударма саласында да өнімді еңбек етті. Сонымен қатар Серікбай ағамыздың зерттеу еңбектері, публицистикасы бір төбе. Оның «Алтынсариннің айналасындағы адамдар», «Ахмет өскен ақындық орта», «Серікбай Мәуленов – журналист, публицист» атты кітаптары ғылыми және тағылымдық құндылығын ешқашан түсірмек емес. Қостанайға қоныс аударуы Серікбай ағаны ақындықпен қатар ұстаз етті. Ол шәкірттер тәрбиеледі.

Біз бүгін ақын ағаны мерейтойымен құттықтай отырып, ол туралы қазақ әдебиетіндегі биік тұлғалардың әр жылдарғы жазбаларын оқырман назарына ұсынамыз. Дуалы ауыздан шыққан сөздерден Серікбай Оспанұлының ақындық, адамдық шынайы бейнесін көреміз.

Абыздар назарына іліккен ақын

Бір жүйелі өлеңдер ұрпақтың атаға деген махаббатына арналған.

Серікбай Оспанов «Махамбет» деген өлеңін халық батыры және ақыны Өтемістің Махамбетіне арнап жақсы өлеңнің аяғын: «Кей сәттер Махамбет пе деп қаламың, от-нажағай жарқ етіп қалса көктем!», - дейді. Әдемі және орынды теңеу.

Сәбит МҰҚАНОВ,
«Лениншіл жас», 16 апрель, 1968 ж., 3 б.

* * *

...Поэзия майданында түсе салып ешкімге ұқсамау, жеке-дара, жападан-жалғыз боп көріну қиын. Тіпті мүмкін де емес. Ғасырлар бойында жасалған, дамыған ақындық дәстүрлерді игермей тұрып, жаңа бағдар, жаңа деңгей жасау заңға да сымас еді. Демек, бізге қасиетті үлгі-өнегелерді, бір сөзбен айтқанда, дәстүрлерді қабылдай отырып, өзі де кеңістік, биіктік іздейтін жас таланттар керек. Мен жастар жырларынан осыны іздеймін, іздеймін де тапқандай сезінемін.

Көркемдік палитралары молайып, жырларының полифониялық үндері мен бояулары ерекшелік тапқан бірсыпыра ақындар шоғырлана – жаңа бастады. Мен Серікбай Оспановты, Серік Тұрғынбековті,



отыр. Торғай топырағында туған ақын сол қасиетті өңірдің ән мен жырына сусындап өсті. 1982 жылдан Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Бүгінге дейін ақынның отыздан аса кітабы жарық көрді. Олардың басым көпшілігі поэзиялық шығармаларынан тұрады. Серікбай Оспанов екі жүзден аса ән мәтіндерінің авторы. Ол сөзін жазған (композиторы Алтынбек Қоразбаев) «Сағымдым Алматымды» әні елімізге, одан да тыс жерлерге кең танымал болды. Оны Ресейдің жезтаңдай әншісі Валентина Толкунова да орындаған болатын. Сонымен қатар, Ақынның сөзіне жазылған Қ. Дербсалдиннің «Айлы түнде», Е.Хасанғалиевтың «Ауылды аңсау», Ж.Сейдолланың «Асыл жазым-ай», М.Сәдібековтың «Шилі өзен» тағы басқа әндерін қазақ эстрадасының жұлдыздары орындап жүр.

С.Оспанұлы балалар әдебиетіне де атсалысқан қаламгер. Бірнеше өлең кітаптарын арнады. Оның «Мектептен қашқандар мен ертектен қашқандар», «Ешкі неге төрт түлік малға өнбеген?» атты пьесалары І.Омаров атындағы облыстық қазақ драма театрында сахналанып, кішкентай

Ақжан Бақытжанқызы:

«Саламатты ұрпақ өсіріп, ана атану – нағыз бақыт»

Қай жерде мейлі қай елде
Әлемнің мәні әйелде.
Мықтымын десең өзінді
Әйелге барып дәлелде.
(Ж.Ерман)

Сырты нәзік, іші алапат күшке толы әйел заты әр қашан аяқталмас дастан, ашылмаған ғылыммен пара-пар. Қырық үйден қырық түрлі жаманнан тыйылып, қыз үйіне әр қашан қонақ болған. Тұрмысқа шығып, жыраққа аттанып, барған жерінің берекесін арттырып, мерейін тасытқан. Бір денеде қос жүректі қатар соққызыған – ана, тіршіліктің көзі екені сөзсіз.

Көпке үлгі болар отбасы мен мансап мінбесінен сүрінбей жүрген апаларымыздың бірі, универстиетіміздің тілдік даярлау орталығының аға оқытушысы, филология ғылымдарының магистры, Алтыбаева Ақжан Бақытжанқызының берген сұхбаты.

– Отанға үлесін қосып жүрген отбасыңыз жайлы айтып берсеңіз?

– Отбасымның отағасы Ербол Ипбергенұлы Қуанышұлы. «Қазақстан-Қостанай» телеарнасының редакторы, арнаның жаңалықтар жүргізушісі. Құдайға шүкір, бес бірдей қуанышым, бүлдіршіндерім бар. Тұңғышым Бекжан он жаста, қызым Камила сегіз жаста, Абузар жеті жаста, егіздерім: Арафат пен Адият үш жаста.

– Жанұяңыздың жетістіктері де біршама екенінен хабардармыз. Сол жайлы толық айта отырсаңыз?

– 2011 жылы «От чистого истока» деп аталатын байқауда біз лауреат атандық. Бұл отбасылық жарыс орыс тілінде болды. Сонымен қатар, 2014 жылы облыс әкімінің «Үздік отбасы» мадақтамасымен марапатталдық. Жолдасым мақтанышым, медсенаттар

клубының «Қазына» сыйлығына ие болды. Осындай асуларды бағындырып отырған жайымыз бар, бұйырса, елі де шығар биігіміз болар деп үміттенеміз.

– Ләйім солай болсын. Сізді үлкен отбасы ұйытқысымен қатар, білім ордасындағы білікті ұстаз деп білеміз. Ізденісіңіз

– Мен білем, көп қыздарымыз отбасын құру, тұрмысқа шығу мәселесін кері ысырып қояды. Алдымен мансабын түзеп, атақ-даңқ қуып кетеді. Ол дұрыс. Қазақ қызы білімімен де, тәрбиесімен де, сұлулығымен де ешкімнен кенде болмауы керек. Алайда, Алла берген бақтан айрымай, он екі мүшең сау кезде салау-



жөнінде айтсаңыз.

– Мен алғаш, 1996 жылы А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-ті үздік бітіріп, сол жылдан бастап аталмыш оқу орнында қызмет етіп келемін. Келесі жылы жиырма жыл болады. Осы жиырма жыл ішінде отызға жуық мақала, монография мен әдістемелік нұсқаулар, электронды кітаптарым жарық көрді. Біліктілікті арттыру мақсатында еліміздің біршама қалаларында өткен оқу-курстарына қатыстым. Тәжірибе алмасып, білімді шыңдауға Түркия елінің Измир қаласындағы «Әлем тілдері Университетінің» қабырғасында іс-тәжірибеден өттім.

– Ізіңізден еріп келе жатқан сіңіліңіздеріңізге апалық қандай кеңес айтар едіңіз?

атты да, саламатты ұрпақ өсіріп, ана атану нағыз бақыт. Келін болып, ата-еңе мен жарыңның ризашылығына бөленіп, сауаппен суарылу қыз-келіншек үшін мансаптың ең биік мінбесі болар. Сен өз біліміңмен Отанға әрі кетсе 40-50 жыл еңбек етіп, пайда тигізсең, ақыл толы қазыналы анаға айналып, ұрпақ тәрбиелесең еліңе мың жылдық пайда әкелген боласың.

– Берген сұхбатыңыз бен ақыл-кеңесіңізге көп рахмет. Сіздей аяулы ана, асыл жар, сүйкімді де сүйікті жеңгелер қатары көбейе берсін.

Сұхбаттасқан: Кенже ҚОНЫСБАЙ,
ҚМУ ГӘФ журналистика
мамандығының 2 курс студенті



А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ-да оқуды таңдаудың басты себептері:

Қостанай мемлекеттік университеті – Солтүстік Қазақстандағы негізгі білім беру мекемесі, аумақтағы ғылыми және мәдени орталық. Бұл мемлекеттік мәртебедегі жоғарғы оқу орынының көпжылдық дәстүріне қаныққан биік дәрежедегі сапалы білім алудың көпірі.

Еңбек нарығында сұранысы кең мамандықтар қатары – университет 34 бакалавриат мамандығы, 21 магистратура мамандығы және 4 PhD докторантура мамандығы бойынша дайындайды.

Қазіргі заманауи білім беру технологиялары – студенттерге болашақ жұмыс орнына байланысты өзінің оқу бағдарламасын әзірлеудің, ең үздік оқытушыларды таңдаудың, қазіргі заманауи жабдықтарды қолданудың, өндірістік ортада оқудың, бизнес-жобаларды әзірлеуді үйренудің мүмкіндіктерін береді.

Практикаға бағытталған оқыту – әлеуметті жұмыс берушілер өздеріне қажет мамандарды дайындауға тікелей қатысады: олар оқыту курстарын қалыптастыруға қатысады, сабақтарды өткізеді. Оқу сабақтары мен практикалар тікелей кәсіпорындарда, кафедралардың кәсіпорындардағы филиалдарында өткізіледі.

Еуропалық білім беру кеңістігіндегі тығыз интеграция – академиялық ұтқырлық аясында, халықаралық жобалар мен студент алмасу бағдарламалары «Темпус», «DAAD» және басқалар арқылы студенттер қазақстандық және шетелдік ЖОО-да оқу және тәжірибе алуға болады. Италия, Германия, Финляндия, Австрия, Испания, Польша, Чехия Республикасының белгілі университеттері А. Байтұрсынов ҚМУ-дың серіктестері болып табылады.

Бай материалдық-техникалық база

Дәрісханалар «Білім орталығы» Білім-ақпараттық кешені Спорт кешендері Тракторлар мен автокөліктерді оқыту цехы Оқу теледидар студиясы Ветеринарлық клиника

Студенттерді әлеуметтік қолдау – ЖОО гранттары: ректордың «Үміт», «Мәдениет», «Тілдамыту» және академик Кенжеғали Сағадиев атындағы білім гранттары студенттерге 100%, университеттің күндізгі бөлімінде оқитын жетістіктері жоғары (GPA 4.0) студенттерге конкурстық негізде оқу ақысынан бір семестрге 100% жеңілдік, ата-анасы (балалар үйлері мен мектеп-интернаттар) жоқ университет студенттері үшін оқу ақысы 50% және университет жатақханасында төгін тұру, ұлттық және халықаралық деңгейде ғылым, мәдениет

және спорт жетістіктері үшін студенттерге оқу ақысынан 25%, 50% және 100% жеңілдіктер қарастырылған.

Спортты дамыту, ғылыми және шығармашылықпен айналысу мүмкіндіктері – университетте студенттердің жеке қабілеттерін дамыту үшін барлық жағдайлар жасалған. Спорттық секциялар, студенттік «Өнер» студиясы (вокал, музыка, хореография және поэзия мен импровизация), КВН және оның көшбасшысы – «13 район» командасы, «Ахмет ұрпақтары» дебат клубы және тағы басқалар.

«Ахмет ұрпақтары» дебат клубы. «Өнер» студиясы. КВН

Мамандықтар	Білім беру бағдарламалары	Қосымша пән (4 баллдан кем емес)	Бейімдікпән (7 баллдан кем емес)
Гуманитарлық әлеуметтік факультет, тел. 51-11-44			
Филология: Қазақ тілі	1. Аударма ісі 2. Мәдени аралық коммуникация	Әдебиет	Ана тілі
Филология: орыс тілі	1. Аударма ісі 2. Мәдени аралық коммуникация	Орыс әдебиеті	Ана тілі
Аударма ісі	1. Мәдени аралық коммуникация саласындағы аударма 2. Аударма және менеджмент негіздері	Шетел тілі	Шетел тілі
Шетел тілі филологиясы	1. Қолданбалы лингвистика және мәдени аралық коммуникация 2. БАҚ-да жұмыс атқару	Шетел тілі	Шетел тілі
Психология	1. Психология өндірісте 2. Психология білім жүйесінде	Биология	Биология
Журналистика	1. Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдары 2. Қоғаммен байланыс	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
Тарих және құқық факультеті, тел. 51-11-53			
Құқықтану	1. Қылмыстық-құқықтық қызмет 2. Кәсіпкерлік қызметті заңмен қамтамасыз ету 3. Азаматтық-құқықтық қызмет 4. Әкімшілік-құқықтық қызмет	Дүние жүзі тарихы	Дүние жүзі тарихы

Аймақтану	1. Аумақтық-административті басқару 2. Консультативтік-сарапшы қызмет	Шетел тілі	Шетел тілі
Тарих	1. Тарих және этноконфессионалды қатынас 2. Мұрағат ісі және құжаттану	Дүние жүзі тарихы	Дүние жүзі тарихы
Экономикалық факультет, тел. 55-84-50			
Экономика	1. АӨК экономикасы 2. Өнеркәсіп экономикасы	География	Математика
Менеджмент	1. Коммерциялық менеджмент 2. Агрөндіріс менеджмент	География	Математика
Есеп және аудит	1. Коммерциялық өндіріс секторындағы есеп 2. Агро өндіріс секторындағы өндіріс 3. Бюджеттік ұйымдардағы есеп	География	Математика
Қаржы	1. Банк ісі 2. Қаржылық менеджмент	География	Математика
Мемлекеттік және жергілікті басқару	1. Мемлекеттік басқару 2. Жергілікті басқару	География География	Математика Математика
Маркетинг	1. Коммерциялық маркетинг 2. Агрөндіріс маркетинг	География	Математика
Ақпараттық технологиялар факультеті, тел. 51-11-98			
Математика	1. Математикалық және компьютерлік моделдеу 2. Сақтандыру және актуарды математика	Физика	Математика
Информатика	1. Компьютерлік графика және дизайн 2. Компьютерлік желілер және телекоммуникация	Физика	Математика
Ақпараттық жүйелер	1. Телекоммуникациядағы байланыс және басқару 2. Қаржы және экономикадағы ақпараттық жүйелер	Физика	Математика
Есептеуіш техника және бағдарламалық қамтамасыз ету	1. Басқарудағы қорлаған автоматтандырылған жүйені бағдарламалық қамту 2. Дизайн и визуальная анимация	Физика	Математика
Инженерлік-техникалық факультет, тел. 55-85-17			
Аграрлық техника және технологиялар	1. Өндірістік-технологиялық қызмет 2. Сервисті-пайдалану қызметі	Физика	Математика
Технологиялық машиналар және жабдықтар	1. А/ш машина құрылысы 2. Металды өңдеу	Физика	Физика
Көлік, көліктік техника және технологиялар	1. Автомобильдерді техникалық пайдалану 2. Автосервис және фирмалық қызмет	Физика	Математика
Физика	1. Радиофизика және электроника 2. Прикладная физика	Физика	Физика
Электрэнергетика	1. Электр қондырауларын пайдалану 2. Электр қондырауларын монтаждау және қалпына келтіру	Физика	Математика
Аграрлық-биологиялық факультет, тел. 55-84-63			
Биология	1. Ландшафты дизайн 2. Орман тану	Биология	Биология
Экология	1. Биозкология 2. Геоэкология	Биология	Биология
Азық-түлік өнімдерінің технологиясы	1. Консерві және тағамдық концентраттар технологиясы 2. Қоғамдық тамақтандыру және арнайы тағайындалыған өнімдер технологиялары	Химия	Химия
Өңдеу өндірісінің технологиясы	1. Астықты сақтау және өңдеу технологиясы 2. Наң, макарон және кондитер бұйымдарының технологиясы	Химия	Химия
Стандарттау, сертификаттау және метрология	1. Астық көшніндегі стандарттау, сертификаттау және метрология 2. Өңдеу көшніндегі стандарттау, сертификаттау және метрология	Физика	Математика
Агрономия	1. Егіншілік 2. Малазыев өндіру	Биология	Биология
Ветеринарлық және мал шаруашылық технологиясы факультеті, тел. 55-85-68			
Биотехнология	1. Ветеринарлық биотехнология 2. Мал шаруашылығындағы биотехнология 3. Өсімдік шаруашылығындағы биотехнология	Биология	Биология
Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы	1. Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясымен өңдеу негіздері 2. Мал шаруашылығындағы селекция және биотехнология	Биология	Биология
Ветеринарлық медицина	1. Емдік іс 2. Кинология және фелцинология	Биология	Биология
Ветеринарлық санитария	1. Азық-түлік қауіпсіздігі 2. Ветеринарлық-санитарлық бақылау	Биология	Биология

Қосымша ақпаратты біздің веб-сайттан алуыңызға болады: www.ksu.edu.kz
Қабылдау бөлімінің мекен-жайы: Қостанай қ., Абая д-лы 28, каб.114, тел. 55-81-00, 55-84-55.
E-mail: kgu_centр_prof_trud@mail.ru